



АЛМАТЫ – ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ ЦИФРЛЫҚ АСТАНАСЫ

3

МӘСЕЛЕ




АРАЛАС НЕКЕДЕН ҚАЗАҚ ТІЛІ ӨЛЕДІ

Бүгінгі таңда ұлтаралық неке ұлттық сана деңгейінің көрсеткішіне айналып тұр

6

ТІЛШІ ТАЛДАУЫ



БАҚЫТТЫ БОЛҒЫМ КЕЛЕДІ...

Отбасының шырқы бұзылған әйел-аналардың жан сыры

7

МЕГАПОЛИС

Егжей-тегжейлі жоспар:

ЖАҢА ЖОБА

Алматыда шағын қабатты құрылысқа басымдық беріледі



Алматыда егжей-тегжейлі жоспарлаудың (ЕТЖ) жаңа жобасы аясында қалада шағын қабатты құрылысқа басымдық беріледі. Бұл туралы Алматы қаласы әкімінің орынбасары Асқар Әмрин жаңа ЕТЖ-ны таныстыру барысында мәлімдеді.

«Бүгін біз ЕТЖ-ны басшылыққа алу керектігін айтамыз. Құрылыс салушы алты қабатты тұрғын үйін ЕТЖ-дағы шартты ескеріп, эскизі мақұлданғаннан кейін жобаны жүзеге асыра алады. Естеріңізде болса, бес қабатты ғимарат-

тың нөлдік бұрышында тоғыз қабатты ғимараттар салынған. Жаңа ЕТЖ-да мұның жолын кестік және жаңа құрылымға ешкім «білгенін» істей алмас үшін бұл аймақтарды демалыс орындарына айналдырдық. Біз қаланың өз

ережесі бар екенін түсіндіреміз», – деді Асқар Әмрин.

Жалпы, жаңа ЕТЖ саябақ, сквер мен бульварларды қосқанда, жалпы пайдаланымдағы жасыл желектер алаңын 2030 жылға дейін 3 есе ұлғайтуды көздейді.

Суретті түсіріп Кайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Almaty

AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №10 (6461) 6 ақпан, сейсенбі, 2024 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

ПРЕЗИДЕНТ ЖАРЛЫҒЫ

ҮКІМЕТ ОТСТАВКАҒА КЕТТІ



(Фотодереккөз: chinovnik_kz).



(Фотодереккөз: akorda.kz).

Президент Үкіметті отставкаға жіберді. Ақорданың баспасөз қызметі хабарлағандай, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Жарлыққа (Астана, Ақорда, 2024 жылғы 5 ақпан, №446) қол қойды.

Роман Скляр Премьер-министр міндетін уақытша атқарушы болып тағайындалды.

«Қазақстан Республикасы Конституциясының 70-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің орнынан түсуі қабылданын.
2. Қазақстан Республикасы Премьер-министрі міндеттерін уақытша атқару Роман Васильевич Склярға жүктелсін.
3. Қазақстан Республикасы Үкі-

метінің мүшелері Үкіметтің жаңа құрамы бекітілгенге дейін өз міндеттерін атқаруды жалғастыра берсін.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі», делінген Президент Жарлығында.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ». (Дереккөз: www.akorda.kz).

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

6.02.2024

Түнде:

-5-7 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+2+4 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Желдің жылдамдығы: 0-5 м/с

7.02.2024

Түнде:

-5-7 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+3+5 °C
Көшпелі бұлтты, күннің соңында жауын-шашын (жаңбыр, қар), көктайғақ.

Желдің жылдамдығы: 0-5 м/с

www.almaty-akshamy.kz



2



DIGITAL ALMATY – 2024

ALMATY CITY APP

ҚОСЫМШАСЫ ЖЫЛДЫҢ СОҢЫНА ДЕЙІН ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев қазақстандық және әлемдік IT компаниялардың инновациялық стартаптарымен танысты

Шаһар басшысы Ерболат Досаев «Digital Almaty – 2024: X индустриясы – Болашақтың цифрлық эволюциясы» халықаралық цифрлық форумына қатысып, ірі елдердің технопарктер көрмесін аралап, қазақстандық және әлемдік технологиялық компаниялардың үздік инновациялық стартаптарымен танысты. Мегаполис басшысы өнеркәсіптегі цифрлық трансформацияның жаңа өнімдері мен GovTech, индустрия 4.0, ESG, Smart City саласындағы инновациялық шешімдерді қарап шықты.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Алматы Орталық Азияның цифрлық хабы ретінде дәстүрлі түрде форум өткізетін алаңға айналды. Биыл 15 елден 200-ден астам халықаралық сарапшы панельдік сессияға қатысып, экономиканың нақты секторында жаңа технологияны қолданудағы оң тәжірибесін бөлісуде. Айта кетелік, Қазақстанның IT компанияларының 1/3 бөлігі Алматыда орналасқан, онда 70 мыңнан астам маман еңбек етеді. Алматыда орналасқан Алатау инновациялық технологиялар паркі резиденттерінің идеясы бүгінде әлемнің 50-ден астам елінде телекоммуникация мен радиоэлектроникада қолданылады. Қалалық IT экожүйені дамыту бағдарламасының арқасында іріктеу және акселерация бағдарламасы арқылы 400-ден астам стартап өтті. Оның 8-і шетелдік нарыққа шығарылды, ал инвестиция 8,4 млн доллардан асты.

Мегаполисте Алматы–Smart City тұжырымдамасы іске асырылуда. Бұл – азаматтарға арналған цифрлық сервистерді құру, қауіпсіздікті қамтамасыз ету, басқару шешімдерін қабылдау тиімділігін жақсарту және инженерлік инфрақұрылымды цифрландыру

жөніндегі жобаларды қамтиды. Алматы–Smart City-ді дамытудың зәкірлік жобасы қаланың цифрлық егізі (Digital Twin) болып табылады. Ол неғұрлым ақылды әрі тиімді қалалық кеңістік құру үшін қалалық инфрақұрылымды модельдеуде, талдау мен басқаруда негізгі құрал болады. Мегаполисте 2022 жылдың тамызынан бастап Алматының бірыңғай бейнемониторинг жүйесі жұмыс істейді. Оған заманауи бейнеталдау сервисі кіреді, 30 мыңнан астам камераның дерегін талдайды. Биыл жыл соңына қарай бейнекамера саны 50 мыңға жеткізіледі, 2030 жылға қарай 100 000 камераны қосу жоспарланып отыр.

Бұған қоса, былтыр елімізде тұңғыш рет Алматыда барлық мемлекеттік мектеп пен балабақшада кешенді қауіпсіздік жүйесі енгізілді. Қауіпсіздік жүйесі 4 құрамнан тұрады: бейнебақылаудың цифрлық камерасы, дабыл түймесі, өрт қауіпсіздігі жүйесі, Face ID бар турниктер. 2024 жылдың соңына қарай қаладағы барлық мемлекеттік денсаулық сақтау нысаны қамтылады.

Форум аясындағы ел технопаркі, халық-

аралық вендорлар мен венчурлық қорлар көрмесі – бұл озық инвестициялық тұжырымдаманы ұсыну үшін Орталық Азиядағы ең ірі digital іс-шара, түрлі елдердің инновациясы мен технологиялық серпінінің кездесу орны. Биылғы көрмеге қатысушылардың арасында ірі қазақстандық жер қойнауын пайдаланушылар, технопарк пен өнеркәсіптік компаниялар бар.

Алматыда «Digital Almaty – 2024: X индустриясы – Болашақтың цифрлық эволюциясы» цифрлық форумы аясында Еуразиялық үкіметаралық кеңестің отырысы өтті. Оған ЕАЭО елдерінің премьер-министрлері мен Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының басшысы келді. Кездесу алдында делегация басшылары, Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев робототехника мен цифрландыру саласындағы заманауи шешімдер қойылған көрмені аралап көрді.

Алматы әкімдігі Алматы–Smart City тұжырымдамасын ұсынды, ол азаматтарға арналған цифрлық сервистерді құру, қауіпсіздікті қамтамасыз ету, басқару шешімдерін

қабылдау тиімділігін жақсарту мен инженерлік инфрақұрылымды цифрландыру жөніндегі жобаларды қамтиды. Қаланың Цифрландыру басқармасының басшысы Олжас Жаңабек Almaty City App жаңа қалалық қосымшасын таныстырды.

«Almaty City App қалалық цифрлық сервистерді көрсету үшін Бірыңғай терезе болады. OpenAlmaty (Алматы әкімдігінің Қоғамдық қабылдау бөлмесі) сынды сервисдің Ахуалдық орталығының ашық модульдері, VisitAlmaty (Алматыдағы туристерге арналған қосымша) біздің қаламыздың тұрғындары үшін бір рет басу арқылы қолжетімді болады», – деді Олжас Жаңабек. Жобаны биыл жыл соңына дейін іске қосу жоспарланып отыр.

Алматы–Smart City-ді дамытудың басты жобасы қаланың Цифрлық егізі (Digital Twin) болып табылады, ол болашақта неғұрлым ақылды әрі тиімді қалалық кеңістік құру үшін қалалық инфрақұрылымды модельдеу, талдау мен басқаруда негізгі құралға айналады. Былтыр 9 айда Алматының ЖӨӨ \$32 млрд құрады, соның ішінде \$1,7 млрд коммуникациялық технологиялар саласына тиесілі.

МЕГАПОЛИС

Егжей-тегжейлі жоспар:

ЖАҢА ЖОБА

Алматыда шағын қабатты құрылысқа басымдық беріледі

Алматы әкімдігі бекіткен егжей-тегжейлі жоспарлаудың жаңа жобасы инженерлік желілер үшін өту арналарын құруды көздейді. Жаңа ЕТЖ қаланың 2040 жылға дейінгі Бас жоспарына сай әзірленді. Онда мегаполисті дамытудың моноцентристік моделінен поли-центристікке көшу қағидасы жатыр.

(Басы 1-бетте)

Қалалық жоспарлау және урбанистика басқармасының хабарлауынша, поли-центрлер жобаланған аудандарда магистральдық инженерлік коммуникацияларды өту арналарын орналастыру жоспарланған. Бұл шара жол мен тротуар жабынын көпәрмей, сонымен қатар, көгалға зиян келтірмей жөндеу жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік береді.

«ЕТЖ-да қызмет көрсетуші персонал, жөндеу материалы мен жабдықтары үшін ұзындығы 27 км өту арналарын орнату көзделеді. Бұл әдіс «Самал» ықшам-ауданындағы құрылыс кезінде сыналған. Бірақ толық енгізілмей, аяқсыз қалған. Мұндай әдіспен коммуникация орнату қымбатырақ. Алайда, ұзақ мерзімді



Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ

перспективада айтарлықтай қаражат үнемдеуге мүмкіндік береді», – деді басқарма өкілдері.

Жалпы, ЕТЖ тұрақты және функционалды қалалық кеңістік құруға бағытталған. Олар қала құрылысын аймақтарға бөлудің, қызыл сызықтардың, халыққа әлеуметтік, мәдени және коммуналдық

қызмет көрсету нысандарын орналастыру үшін аумақтарды резервтеудің, көше-жол желісін ұйымдастырудың, инженерлік коммуникацияларды жүргізудің, аумақтарды абаттандыру мен көгалдандырудың негізгі бағыттарын белгілейді.

Бетті әзірлеген
Айнабай ҚЫДЫРБАЙҰЛЫ.

«АЛМАТЫ-3»

теміржол вокзалы салынады

Алматыда үшінші теміржол вокзалын салуды көздейтін (ЕТЖ) жоба таныстырылды. Бұл жоба бұрын жарияланған бірқатар құжатта, соның ішінде Алматының 2040 жылға дейінгі Бас жоспарында және көлік қаңқасының шебер жоспарында көрініс тапқан.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алатау ауданындағы «Алматы-3» вокзалының құрылысы агломерацияны дамыту жөніндегі жобалар кешеніне кіреді. Жаңа теміржол платформасы жүк және жолаушылар легінің бір бөлігін қайта бағдарлауға, сонымен қатар, айналымға қосымша жолаушылар пойыздарын қосуға мүмкіндік береді, соның есебінен қалалық автожол инфрақұрылымының көлік жүктемесі азаяды.

«Жаңа теміржол платформасын салуға арналған аумақ «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» АҚ-ға тиесілі магистральдық желіде орналасқан. Вокзал «Мәдениет» шағынауданы маңында салынады. Платформаны «Қазақстан темір жолы» салады. Біздің басты міндетіміз – ЕТЖ-да вокзал мен вокзал маңындағы алаңды қамтамасыз ету болды. Қазір 2 апта бұрын жарияланған көлік қаңқасына сәйкес техникалық-экономикалық негіздемесі дайындалып жатыр. Біз оның мерзімін 2026-2027 жылдар деп қарастырып отырмыз», – деді Алматы қаласы әкімінің орынбасары Асқар Әмрин.



DIGITAL ALMATY – 2024

Алматыда, 1–3 ақпан күндері «Digital Almaty – 2024: X индустриясы – Болашақтың цифрлық эволюциясы» халықаралық алтыншы дәстүрлі цифрлық форум болып өтті. Форумға 15 мемлекеттен 200-ден аса сарапшылар қатысты. Шара барысында өндіріс пен инновацияны қайта құрудағы цифрлық өзгерістер, болашақтың технологиясы, Smart City, Индустрия 4.0 сынды маңызды мәселелер талқыланды. Мақаламызда цифрлық форумда талқыланған келелі идеялар мен алымды тақырыптарға талдау жасайтын боламыз.

Бірегей экожүйе: 400-ден аса стартап, 8,4 млн доллар инвестиция

Бүгінде Алматы қаласы Орталық Азияның цифрлық және ақпараттық астанасына айналды. Еліміздегі әрбір үшінші ақпараттық технологиялар саласындағы компаниялар Алматыда орналасқан, оларда 70 мыңнан астам мамандар қызмет етеді.

• *Алып мегаполисте жолға қойылған ақпараттық технологиялардың бірегей экожүйесі 400-ден аса стартаптардың сәтті жүзеге асуына негіз болып, жалпы инвестиция көлемі 8,4 млн доллардан асты.*

Цифрлық индустрияның болашағын талқылайтын басты алаңға айналған алтыншы форумға биыл ШЫҰ және ЕАЭО елдерінің мемлекет қайраткерлері, жетекші сарапшылар мен танымал кәсіпкерлер қатысты. Сондай-ақ, форум аясында «Industry 4.0 Startup Battle» атты үздік өнеркәсіптік стартапты анықтайтын ауқымды сайыс, IT-экожүйе саласындағы жобалар туралы тәжірибе және отандық технопарктердің, технологиялық компаниялардың көрмесі ұйымдастырылды.

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин, бүгінде еліміз GovTech, ақпараттық технологиялар саласында Орталық Азияда көшбасшыға айналғанын атап өтті.

• *Қазақстан онлайн қызмет көрсету бойынша әлемде 8-орында. 2023 жылы елімізде 50 млн цифрлы қызмет көрсетілген екен. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында 2026 жылға дейін елімізде ақпараттық технологиялар саласындағы экспорт көлемін 1 млрд долларға жеткізу көзделген.*

Сонымен қатар, министр елімізде ақпараттық технологиялар саласындағы Astana Hub платформасының бірегей экожүйе қалыптастырудағы ықпалын көрсетіп, Орталық Азия елдері арасындағы әріптестікке айырықша маңыз берді.

**Адам –
ең басты ресурс**

Digital Almaty – 2024 цифрлық форумының басты ерекшеліктерінің бірі, бұл жолы Қазақстан тарапынан алғаш рет, жаһандық әлеммен технологиялық байланысты жақсартуда ынтымақтастықты жаңа деңгейге көтеру үшін *талшықты-оптикалық байланыс желілерін салу* ұсынылды.

Аталмыш жоба еліміздің жоғары транзиттік әлеуетін пайдалану арқылы Еуразия құрлығында интернет трафик желісін жақсартуға елеулі мүмкіндік береді. «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасы аясында Қазақстанда транзиттік трафикті өңдеу және сақтау үшін ірі дата-орталықтар салынуына негіз болатын, Үнді мұхитына шығатын Ресей – Қазақстан – Иран бағыты

АЛМАТЫ –

Орталық Азияның цифрлық астанасы

**Цифрлық даму – мемлекет пен қоғам игілігі**

бойынша аталмыш елдерді байланыстыратын талшықты-оптикалық байланыс желілерін салу мүмкіндігін қарастыру ұсынылды.

Адам – мемлекеттің ең басты ресурс. Форум шеңберінде Шанхай Ынтымақтастығы Ұйымына мүше елдердің қатысуымен бірлескен спутниктер құрудан бастап, цифрлық платформаларды іске асыруға дейінгі бірлескен ортақ жобалардың негізі талқыланды. Халықаралық тәжірибеде, бүгінде ұлттық экономиканы салаландыруда цифрландыру арқылы ғарыштық мониторинг деректерін енгізу жаппай қолданысқа енуде.

ШЫҰ елдері негізінде спутниктік топтарды бірлесіп құру, сонымен қатар, топқа қатысушы барлық елдердің ғарыштық суреттерге ортақ қолжетімділікті қамтамасыз ету, қазіргідей цифрлық технологиялардың мемлекеттік қауіпсіздігінің бір бөлігіне айналған кезеңінде ортақ аймақтық қауіпсіздікті, агроөнеркәсіпті, су қоймаларын, табиғи ресурстарды және жер қойнауын пайдалануды қамтитын цифрлық платформалар объективті мониторингті жүзеге асыруға мүмкіндік бермек.

Жоғары жиіліктегі ғарыштық түсірілім төтенше жағдайларда, табиғи ресурстарда және басқа да жедел ғарыштық мониторинг жүргізуде тиімді болашақ жобасы болмақ.

**«Цифрлық алшақтық»
тұжырымдамасы
талқыланды**

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2023 жылғы 4 шілдеде ШЫҰ-ның онлайн-саммитінде Қазақстанда ШЫҰ цифрлық форумын өткізу туралы бастама көтерген еді. Президент цифрлық теңсіздікті жоспарлы түрде қысқарту ШЫҰ қызметінің нақты басымдығына айналуға тиіс екенін атап өткен. Аталмыш пікір «Digital Almaty – 2024: X индустриясы – Болашақтың цифрлық эволюциясы» халықаралық цифрлық форумында жалғасын тапты. Шанхай Ынтымақтастығы елдеріне мүше елдер арасында «цифрлық алшақтық» тұжырымдамасы форумға қатысушылар арасында кеңінен талқыланды.

Ұйым мүшелері арасындағы цифрлық даму саласындағы алшақтықты жоюда тараптардың өзара білім мен тәжірибе алмасуы өте маңызды қадам. Форумға қатысушылар цифрлық экономиканы орнықты дамыту үшін цифрлық әріптестікті ілгерілету мақсатында ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы үздік тәжірибелерді алмасуды, жолға қойылған байланыстарды сақтауға және нығайтуға, цифрлық алшақтықты жоспарлы түрде қысқартуға ортақ бағдарлама аясында бірлесе әрекет етуге уағдаласты.

ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дамыту саласындағы алқалы кеңесі 2025 жылы Қытай Халық Республикасында өтетін болды.

**Ауқымды жобалар мен маңызды
меморандумдар**

Цифрлық технологиялардың қоғам өмірінің салаларына кірігу процесі өте жылдам жүруде. Мемлекеттік институттар мен шағын және орта кәсіпкерлер арасында ортақ бірлескен жобалар цифрлық трансформациялық кезеңде іргелі өзгерістердің негізін қалауда. Үш күнге созылған Digital Almaty – 2024 цифрлық форумы нәтижесі өткен жылдармен салыстырғанда ауқымды болды.

Жиырма мыңнан астам делегат, саяси шешім қабылдаушы көшбасшылар, экономистер, кәсіпкерлер және жоғары саяси қайраткерлер қатысқан іргелі шара болды. Шара барысында аймақтық, халықаралық деңгейдегі алдағы уақыттары жүзеге асатын ауқымды жобалардың негізі қаланып, мемлекеттераралық меморандумдарға қол қойылды.

«Digital Almaty – 2024: X индустриясы – Болашақтың цифрлық эволюциясы» халықаралық алтыншы дәстүрлі цифрлық форумы нәтижесінде Digital Almaty Awards иегерлері анықталды. Сыйлық мұнай өнеркәсібі, тау-кен өнеркәсібі, өнеркәсіптік инновациялар, өнеркәсіптегі әйелдер көшбасшылығы, ақпараттық технологиялар саласындағы көшбасшылық, қоршаған ортаны қорғау, әлеуметтік басқару (ESG) және блокчейн технологиялары секілді жеті негізгі санатта анықталған.

«Digital Almaty – 2024: Индустрия X: Болашақтың цифрлық эволюциясы» форумы бизнес және технологиялық қауымдастық пен мемлекеттік институттар үшін маңызды шара. Әрбір саланың цифрлық трансформациясы мен инновациялық шешімдері бар. Жалпы, IT секторын дамыту саласында көшбасшылардың тәжірибемен, идеялармен алмасу мақсатындағы ортақ платформасының болашақ индустриясы үшін маңызы зор. Шараның мыңжылдық тарихи бар Алматы қаласында дәстүрлі түрде ұйымдастырылуы да жоғары символикалық мәнге ие. Себебі, бүгінде Қазақстан әлемдік тізімде цифрлық қызмет көрсету бойынша алғашқы ондыққа болса, Алматы – еліміздің цифрлық астанасы саналады.



Нұрболат НЫШАНБАЕВ,
сарапшы.



ДӨНГЕЛЕНГЕН ДҮНИЕ

Финляндиядағы президент сайлауы:

СТУББ ПА, ӘЛДЕ ХААВИСТО МА?

Екінші кезең 11 ақпанда өтеді

Биыл 28 қаңтарда Финляндияда президент сайлауы өтті. 9 үміткер саяси додаға бақ сынады. Бірақ олардың ешқайсысы 50% жежені еңсере алмады. Елдің конституциясы мен заңдарына сәйкес екінші тур 11 ақпанда өтеді. Оған бірінші турда ең көп дауыс жинаған 2 үміткер қатысады. Финляндия парламенттік республика болғанымен президенттің сыртқы саясат және қауіпсіздік мәселелеріне ықпалы бар. Сондықтан Александр Стубб пен Пекка Хаависто арасындағы дода қызу өтеді деп күтілуде.

ХАЛҚЫ САЯСИ БЕЛСЕНДІ

Финляндия Солтүстік Еуропада орналасқан мемлекет. Шығысы – Ресей, батысы – Швеция, солтүстігі – Норвегиямен шекаралас ел. Астана-сы және ең үлкен қаласы – Хельсинки.

Басқару нысаны бойынша – парламенттік республика. Қолданыстағы Конституция 1999 жылдың 11 маусымында қабылданған. 2000 жылдың 1 наурызынан бастап заңды күшіне енді. Конституция қабылданып, мемлекеттің басқару нысаны президенттіктен парламенттік республикаға ауысты.

Конституцияға сәйкес президент 6 жылға тікелей дауыс беру арқылы сайланады. Бір адам қатарынан екі реттен артық сайлана алмайды. Қазақстан заңнамасы да Финляндияға ұқсас. Айырмашылығы президенттің өкілеттік мерзімі 1 жылға артық.

Финляндия халқының саны аз ел. 2023 жылы желтоқсандағы жағдай бойынша 5,6 млн-нан астам. Оның ішінде сайлауда дауыс беруге 4,5 млн-нан астам адам құқылы. 4,2 млн-нан астамы елде тұрақты

тұратындар, ал 260 мыңнан астамы елден тысқары өмір сүретіндер.

Гендерлік бөлініс бойынша әйелдердің саны басым. Елде тұрақты тұратындардың ішінде 2,1 млн әйелдер болса, 2 млн ерлер.

Халқының саны аз болғанына қарамастан финляндиялықтар саяси белсенділігімен ерекшеленеді. 4,5 млн адамның 71,5%, яғни 3,2 млн астамы сайлауда дауыс берген. Елде тұрақты тұратындар шетелдегі отандастарына қарағанда белсендірек. Олардың сайлауға қатысу үлесі 75%, ал шетелдегі отандастарының көрсеткіші 16,1%.

Гендерлік бөлініс бойынша да саяси белсенділікте айырмашылық бар. Финляндияның әйелдері ерлеріне қарағанда белсендірек. Дауыс беруге құқылы әйелдердің 77,3% азаматтық парызын орындаса, ерлердікі 72,5%.

Мемлекет 13 сайлау округіне бөлінген. Олардың ішінде ең белсенді азаматтар Хельсинки округіне тиесілі. Демек, елдің саяси орталығы өте белсенді деген сөз. Дауыс беру көрсеткіші 79%-ға жуық.



(Фотодереккөз: euronews.com).

АЛЕКСАНДР СТУББТЫҢ
УАҚЫТША ЖЕҢІСІ

9 үміткер саяси додаға қатысты. Олар Ли Андерсон, Олли Рен, Харри Харкимо, Юсси Халла-ахо, Ютта Урпилайнен, Мика Аалтола, Александр Стубб, Сари Эссая және Пекка Хаависто. Бірінші турда ешкім 50% жежені еңсере алмады. Сондықтан онда ең көп дауыс жинаған үміткерлер екінші турда қайта бақ сынады.

Президент сайлауының екінші турына Александр Стубб пен Пекка Хаависто жолдама алды. А.Стубб 27,2% дауыс жинаса, сайлауда дауыс бергендердің 25,8% Пекка Хаавистаны таңдаған. Бір қызығы, алдын ала сайлауда А.Стуббтың басымдығы көбірек болған. Финляндияның ерекшелігі кез келген адам сайлау күнінен алдын белгіленген күнде дауыс беруге құқылы.

Алдын ала дауыс беру кезінде А.Стубб 28,3% қолдау тапса, П.Хаависто 25,8% еншілеген.

№	Үміткерлер	Дауыс бергендер (%)
1.	Александр Стубб	27,2
2.	Пекка Хаависто	25,8
3.	Юсси Халла-ахо	19
4.	Олли Рен	15,3
5.	Ли Андерсон	4,9
6.	Ютта Урпилайнен	4,3
7.	Мика Аалтола	1,5
8.	Сари Эссая	1,5
9.	Харри Харкимо	0,5

А.Стубб жеңіске жеткенімен, екінші турда позициясын жоғалтуы

мүмкін. Себебі, сайлауалды бағдарламасы мен саяси ұстанымына қарайтын болсақ, оңшыл идеология өкілі екеніне көзіміз жетеді. Оның үстіне ол билеуші коалициялық партияның өкілі.

Соңғы күндері Финляндияда кәсіподақтар жаппай ереуілге шығуда. Жұмысшылар қазіргі үкіметтің саясатына қарсы наразылық акцияларын ұйымдастыра бастады. Олардың пікірінше үкіметтің әлеуметтік шығындарды азайтуы жұмысшылардың құқығын таптайды. Бұл ереуілдердің артында елдегі саяси күштер бар екеніне сену қиын. Себебі, кәсіподақтардың толқулары бүкіл Еуропада өтуде. Басты себеп – биыл Еуропарламентте оңшыл күштердің басымдығына ие болуына кедергі келтіру. Десе де, екі үміткер жұмысшыларды қолдап дауыс берушілерді өзіне тартуы мүмкін. Бұл жағынан жасылдар партиясының өкілі Пекка Хаавистоның мүмкіндігі жоғары.

Кім жеңіске жетсе де елдің сыртқы саясаты өзгермейді. НАТО-ға қосылу үдерісі жылдамдайды. Сонымен қатар, еуропалық мүдде күшейе түспек.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.

САРАПТАМА

Қытай экономикасы:

ЖАСТАР АРАСЫНДАҒЫ ЖҰМЫССЫЗДЫҚ

жаңа мәселеге айналды

Қазақстан өзінің бетбұрысты кезеңінде экономикасын, импорты мен экспортын әртараптандыру бойынша пәрменді қадамдар жасау үстінде. Қазір біздің шығыс көршімізбен сауда-экономикалық байланыстарымыз бұрынғыдан да тереңдей түсті. Соның өзі ел ішіндегі саяси-экономикалық теңгерімді сақтау мақсатындағы байыпты жүргізіп отырған саясатымыздың бір қыры. Әрине, бұл қадамдардың өзіндік тәуекелдері де болады. Себебі, тұрақсыздық біздің ішімізден гөрі сыртқы әлемде дабыралы түрде өрістеуде. Соңғы 30–40 жыл ішінде тұрақты экономикалық өсу қарқынын көрсеткен Қытай экономикасы қазір баяу өсіммен күресіп жатыр. Бұл біз ойлаған физикадағы «инерция» немесе «үдеу» заңдылықтарына мүлде ұқсамайды. Жүздеген миллион халықтың тікелей өміріне, әлеуметтік әл-ауқатына қатысты күйзелістермен қатар жүретін ауқымды құбылыс орын алуда. Сондықтан өз мүддеміз тұрғысынан да шығыстағы көршінің ауласында не болып жатқаны бізге қызық. Оның экономикасында қандай өзгерістер бар екенін де жіті қарау міндетімізге саяды. Сонымен, Қытай экономикасы қандай күйде? Әлеуметтік тұрғыда күйзеліс кезеңінен өтіп жатқан жоқ па? Бізге қалай әсер етеді? Міне, осы қатарлы сұрақтар кезекті сараптамамыздың міндетінде тұр.

БАЯУ ӨСІМ ЖӘНЕ БИЗНЕС
БЕЛСЕНДІЛІГІНІҢ
ӘЛСІРЕУІ

Қазіргі Қытай экономикасындағы жалпы күйді осылай көрсетуге болады. Әрине, алып экономиканың кейбір салалары жоғары қарқынды, алайда іскерлік қарқынына қарап бұған сену қиын. Бірақ жалпы экономикалық өсім пандемиядан бұрынғы қарқынмен салыстыруға келмейді. Өсімнің баяулауы жалпы әлеммен бір уақытта, яғни пандемия кезінде басталғаны белгілі. Алайда, Қытай экономикасы әлемдегі көшбасшы экономикаға ие елдер арасында локдауннан сәл кенжелеп шықты. Бұған сол кезде банкрот жүргізілген «нөлдік көрсеткіш» себеп болды, яғни пандемияға қарсы қатаң шектеу шарасы Қытайда біршама ұзақ уақыт сақталды. Ал шектеулер алынып тасталғаннан кейін өндірушілер мен сатушылар өз жұмысына оралды, тұтынушылар базарларды толтырды. Дегенмен, Қытай экономи-

касындағы белсенділік сол күйі әлсіз күйінде қалып қойды.

Міне, экономикалық өсімнің баяулауы осылайша қатарынан бірер жылға жалғасып келеді. Екі жыл бұрын «жарылыс болған» жылжымайтын мүлік нарығы дағдарыстың ең шегіне жетті. Елдегі ең ірі жылжымайтын мүлік компаниясы China Evergrande 2 триллион доллар қарыз арқалады. Корпорация ақыры таратылатыны мәлім болды. Қазір ұзаққа созылатын сот процесі басталып та кетті. Тұрғын үй саласындағы бұл келеңсіз жағдай миллиондаған адамның табысын күр көбікке айналдырып жібергендей болды. Бұл салада банкрот болған ұсақ компаниялар өте көп. Бір ғана бұл салада емес, жалпы Қытай экономикасында бизнес белсенділігі әлсірегенін көптеген сарапшылар айтып келеді. Нақты статистикалық мәліметтер де айғақтайды. Қазір қытайлықтар арасында жаңа бизнес ашуға немесе бар бизнесті кеңейту-



ге тәуекел ететіндер қатары кескін қысқарған. Есесіне, «бұдан да жаман күнге» дайындалып, депозитке салым салатындар саны көбейген. Бұдан бөлек, ең басты мәселенің бірі – жастар арасындағы жұмыссыздықтың өсуі.

ТАБЫСТЫ БОЛМАСА ДА,
ТҰРАҚТЫ ЖҰМЫС...

Қытай аса үлкен демографиялық салмаққа ие мемлекет. Айталық, бір жылда ЖОО бітіріп, еңбек нарығына енетін жастар саны жалпы Орта Азиядағы халық санына пара-пар. Дәл қазіргі экономикалық баяулау тұсында еңбек нарығы аса қатаң бола түсті. Ал жастар арасындағы жұмыссыздық рекордтық деңгейге жетті. Есесіне, жеке секторлардан мемлекеттік қызметке ауысатын жастар саны көбейген. Оның себебі айтпаса да түсінікті, соңғы жылдардағы үкіметтік қатаң шаралар мен экономиканың баяулауы кейбір дамып келе жатқан

жеке секторларды тұралатты. Бұл саладағы жұмыссыз жастар мемлекеттік жұмысқа ауыса бастады.

Бұған дейін Қытайда мемлекеттік жұмыс жастар үшін жалақысы төмен және «ішпастырарлық» сала қатарында бағаланатын. Одан гөрі жастар «табысты бизнесмен», «қалталы қожайын» немесе «табысқа жеткен фермерлердің» қатарында болуды көбірек армандайтын. Сол кездегі экономикалық ынталандыру да жастарды жеке секторларға қарай бағыт алуға икемдеген. Қазір жағдай бұған керісінше, табысты болмаса да тұрақты жұмыс табу үшін мемлекеттік қызметтерге сынақ емтиханын тапсырушылар саны мол.

Қазір кейбір әлеуметтік зерттеулер қытайлық жастар арасындағы дағдарысты көңіл күйдің басым екенін де негіздейді. Жұмыссыздық, әсіресе, ЖОО тәмамдаған жастар үшін соққы болып тиюде. Себебі, олар өздері армандаған немесе нақты жоспарлаған өмір сүру

деңгейіне жете алмайтындарына налиды. Шындап келгенде, жастар арасындағы жұмыссыздық елдегі бизнес белсенділігінің әлсіреуіне де қатысты. Жеке кәсіпорындар жаңа жұмысшы тартып, бизнесті кеңейтуге тәуекел ете алмайды дегендей. Жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі жоғарылай берсе бұл Қытай үшін ғана емес, әлемге өз әсерін тигізері анық.

ЫҚТИМАЛ ЫҚПАЛ
САЛМАҒЫ

Қытайға көршілес және тығыз экономикалық байланыстағы ел ретінде Қазақстан үшін ондағы экономикалық баяулау әлі өз әсерін бере қойған жоқ. Себебі, елдер арасындағы сауда-экономикалық байланыстар әлі де белсенді экономикалық секторларда өрістеп жатыр. Алайда, Қытай экономикасындағы баяу өсім үрдісі ұзаққа созылса, оның әсері іргелес экономикаларға әсер етпей қалмайды. Бұның ең негізгі ықтимал сценарийлері қатарында тауар тапшылығы, ортақ жобалардың аяқталмай қалуы немесе инвестициялардың орта жолда үзілуі сынды жағдайлардан көрінуі мүмкін. Бірақ осының бәріне қарамастан Қытай билігі экономикалық белсенділікке көшбасшы жаңа саланы таңдады. Бұлайша айтқанда, алдағы уақытта Қытай үкіметі жағынан жаңа технологиялар саласына көбірек инвестиция құйылады. Егер осы салада белсенділік қарқынды түрде көтерілсе, онда бұл жалпы экономиканы тағы бірнеше жыл алға сүйрейтін инерция тудыруы мүмкін.

Естай
БОЖАН,
сарапшы.



СҰХБАТ

Дандай ЫСҚАҚ,
филология ғылымының докторы, профессор:

ТАҒДЫР ҚАЗАҚТЫ ҮЛКЕН СЫНДАРДАН ӨТКІЗДІ

Данышпан хакім Абай «Адамның жақсы болуы тегінде емес, тәрбиесінде, ақылында, өнер-білімінде. Адамға үш алуан адамнан мінез жұғады: ата-анадан, ұстазынан, құрбысынан. Әсіресе, олардың қайсысын жақсы көрсе, содан көп жұғады» депті. Атадан есті сөз қалсын дейтін ұрпақпыз. Зиялының сөзін тыңдап, қай кезде де елдің қамын ойлағандар аз болмағанына көз жеткізгендейміз. Бұл – біздің сара жол. XXI ғасыр – ғылым мен технологияның дәуірі. Аталған сөз бүгінгінің ұстанымына айналып барады. Жаһандануға көмекші құрал да осы. Сондықтан өз құндылығымыз көмескіленіп, өзгенің мәдениеті айрықша көрініп тұр. Ел арасында «Өткенді ұмытсаң – келесің саған тас атады» дейді. Тегін айтылмаса керек-ті. Қоғамдағы өзекті түйткілдерді тарқатып, рухани жұтандыққа ұшырамаудың жолын іздеген жөн. Осы және өзге де тақырыптар төңірегінде сыншы-ғалым, филология ғылымының докторы, профессор Дандай ЫСҚАҚПЕН сұхбат құрған едік.

Алтай – адамзаттың өркениет ордасы

– Тіл барлық істің бастауы дегенді қалай түсінеміз?
– Түркі тілдері Алтай аймағынан шыққаны белгілі. Алтай гипотезасы дейтін ұғым бар. Бұл бойынша жапон, корей тілдері де түрік тілдеріне жақын. Көптеген негізгі мағынаны білдіретін сөздер бір, салт-дәстүрінде, өмір сүру нормаларында ұқсас нәрселер көп. Демек, тарихи тамырластық бар. Яғни Алтай гипотезасы бойынша біздің түбіміз бір дегенге саяды. Қазір осы мәселені зерттейтін Эл-Фараби университетінде Түркітану және Алтайтану ғылыми-зерттеу институты бар. Мұндай проблеманы зерттеп-саралау күн тәртібінде тұр. Жағрафиялық, саяси жағдайларға байланысты әр түркі халқы өзінше өмір сүріп кетті. Тіпті, жеке ұлт, халыққа айналды.

Алтайдан – шығысқа, батысқа қарай ұлы көш болды. Алтай тауларында тек түркі халықтары ғана емес, алғашқы өркениеттің орталығы болыпты. Бірінші ғұндар – түркі тектес болып келеді. Екінші ғұндар дегеніміз – кытайлар екен. Үшінші хазарлар – кезінде хандық болды, Каспийді Хазар теңізі деп те атаған. Төртінші сібір түріктері, ол – орыстар. Осы күні орыстың зерттеушілері өздерінің шығу тегін Алтаймен байланыстырып жатқан жайы бар. Көптеген ғалымдар осындай тұжырымға ойысып жүр.

Бірде Стамбул қаласында түркілік медиа-жиын ұйымдастырылды. Сонда айтылған пікірде «Тұран одағын» құру жайы қозғалды. Сол кезде орыстың көзі ашық зиялы азаматтары соған мүше болуға ниетті екендіктерін аңғартты. Олардың ойынша «арғы тегіміз бір, біргеміз» дейді. Венгрия екі бастан осыған ынталы. Сосын моңғолдар ниетті екен. Тұтас түркіге ортақ одақтың алғы шарты – түркі тектес тіл. Мажарлар дәлелдеп, түркі тілінің бір диалектісі – мажар тілі, арғы бастауы кыпшақ дегенді меңзейді. Моңғолдар өздерінде екінші тіл деңгейіне қазақ тілін көтеруді көздепті. Орыстар үндемеппі. Демек, әрқайсысы одаққа мүше болуы үшін осындай қадмдарға барып отыр ғой.

Ресей қазба байлығының 70%-ы – Сібірде. Ол жерде якут, чуваш, туба, хакас және т.б. түркі халықтары өмір сүріп жатыр. Ал Орал тауының арғы жағында 4-5 қана аймақ қалады. Негізі мұнда айтар ой көп-ақ... Орыстың ғалымдары баяғы І Петр, Екатерина патшайымның жасап берген саяси көзқарасының бұрыстығын тауып отыр. Яки, «шығыс – варвар, батыс – цивилизация» дегенді құптамайтындыр шықты. Шын мәнінде, өздерінің арғы тегін Алтаймен ұштастырудан танбайтындыр артты.

Алтын Орда хандығы бәрімізге ортақ

– Славян халықтарына түркінің сөздері қалай енген?
– Әлгінде айтқанымдай, о баста бәрі бір орталықта болған ғой. Кейін басқа орталықтарға түскен. Сөйтіп, бір-бірінен қашықтай берген. Бұны алғаш рет акын Олжас Сүлейменов «Аз и Я» кітабында нақтылап жазды. Белгілі түрколог Лев Гумелев «Ежелгі түркілер» сияқты бірнеше еңбектерінде қамтып өткен. Орыстарда денги – теңге, қараул – қарауыл, ал украиндерде «майдан» сияқты сөздер бізден барған. Иван Грозный – шешесі кыпшақ, оның басына киетін қалпағында мұсылманның ең қасиетті сөзі таңбаланған екен. Анна Ахматованың да түбі түркіге туыс.

КСРО құлағанша Шыңғысхан ең варвар, жауыз болатын. Батыстың болжамы бойынша да солай саналған. Қазір соңғы мың жылдықтағы ең ұлы адам – Теміршың болып жарияланды. Қаншама діндарлар, атақты қолбасшылар, данышпандардың арасында ол бірінші тұр. Көбі оны мойындай бастады. Даңқты қолбасшыға таласып жатыр. Күншығыс елі ол қытай



тектес деп көп сериялы кино шығарды. Түркі тектес халықтардың бәрі таласып келеді. Орыс ғалымдарының жазуы бойынша Шыңғыстың көзі көк, өткір, жирен шашты, сары болыпты. Түр сипатын европейдке келтіріп қояды.

Біз 1991 жылдан мемлекеттігімізді бастадық, арғы жағында дым болмағандай есептедік. Кеңес Одағының қаһары қатты болып тұрған шақтың өзінде якут, татарлар 450 жылдан өз тарихын бастайды. Мұны алғашқы Түрік қағанатының құрылуымен негіздейді. Ақиқатында, түрік елдерінің түбі бір болғандығы анық. Арысын айтпағанда, Алтын Орда, Қазақ хандығын мемлекет емес деп келді. Осыдан біршама уақыт бұрын Алтын Орданың мерейтойын Ресейдің құрамындағы татарлар атап өтті. Алтын Орданың түпкі негізі қазақ жерінде орнағандығы әммеге аян. Тіпті, Жошы ханның мазары Ұлытау өңірінде қоныс тепкен. Бір кездердегі сән-салтанаты келіскен Сарайшық шаһары да Батыс Қазақстанда орналасқан.

Алтын Орда хандары Батыс Еуропаға қарай жорық жасады. Мемлекеттің түп негізін сонда қалады. Соның нәтижесінде көптеген түркі сөздері славян халықтарының тұрмыс-тіршілігіне енгендігі анық.

Түркістандық идеяның тамыры тереңде

– Қазақ тарихына күмәнмен қараушылар баршылық. Осы орайда қандай мысалдар келтірер едіңіз?

– Қазақ хандығының болғандығы айқын. Әлемнің озық елдерінде бұған байланысты жазбалар, карталар табылып жатыр. Мен негізі тарихшы емеспін, бірақ ойымды жіктеп айтайын. Бұрын тайпа-тайпа болды. Ол тайпалық жүйе бір кездері азып кетті. Біртіндеп біріге бастады. Қазақ хандығының тарихтың сахнасына шығуы XV ғасыр. Әбілхайыр хандығынан Керей-Жәнібек сұлтандар бөлініп шығып, хандық құрады. Бұл жағы баршаға белгілі. Төл әдебиетті Асан қайғыдан бастауымыз да сондықтан. Әдебиеттің арғы түбі Майқы биге барып қалады. Көшіп-қонып жүргендігі, қалалық мәдениеттің де қатар орнағандығы бұлтартпас айғақтармен дәлелденіп келеді. Бұның қыр-сырын тарихшылар жақсы білер.

Қоқан хандығы, Жетісу аймағы, Оңтүстік Қазақстан Кеңес өкіметі орнағанша Түркістан өлкесіне қарады. Арқа жақ Дала генерал Губернаторлығына бағынды. Жалпы, бәрі туыстас бір халық болып табылады. Орталығы Орынбор саналды. Ал дипломат Нәзір Төреқұлов, қазақтың мандайына біткен тұлғасы Сұлтанбек Қожанов және т.б. түркістандық идеяны қолдады. Егер сол идеяға жеткенде әлемдегі өркениеті мен мәдениеті зор державаға айналуымыз мүмкін еді. Күнделікті тіршілік өмірде тілі, ділі, діні бір ағайындар қырқысады. Ал қуаныш пен қайғыда бірігіп кетіп отырған. Міне, қан жібермейді деген сол.

Біз өзбектермен қоян-қолтық араласып тұрдық. 1960 жылдарға дейін қазақтар той-жыныға керек-жарақ алу үшін Ташкентке емін-еркін барып тұратын. Тілге шектеу жоқ болатын. Ел-жұрт бір-бірін түсінісе беретін. Ташкенттегі «Түркістан уәлаятының газеті» 1870 жылдан бастап қазақ тілінде жарық көріп тұрған. Өзбекстанның Қазақстанмен шектесетін тұсында қазақтың барлық рулары бар. Алпамыс жырындағы Жиделібайсын жері де Сурхандария аумағында орналасқан. Алпамыс батыр БҰҰ өзекеден шыққан жыр болып тіркеліп кетті. Алатақиялы ағайын Алпамыстың мың жылдығын және ғылыми конференциясын өткізді. Біз оған селт ете қоймадық. Өзбектегі жыр бізге қарағанда бірнеше есе көлемді сияқты. Біршама варианттары да бар көрінеді. Қайбір жылы Түркістан қаласындағы Ахмет Яссауи университетіне жиынға барып, өзбектің профессорымен ұшырастық. Жөн сұраса келе қоңырат екенін білдік. Бірақ ол арғы жағын ұмыта бастаған. Әсілі, сауда-саттық, дүние қуып кеткен ортада ру деген сактала

бермейді ғой. Қазақтың жеті атаға дейін қыз алыспағандығын ғылым дұрыс дәйектеп отыр.

Негізі алдыңғы Патша өкіметі де, Кеңестің идеологтары да Түркістан өлкесінің біртұтастығынан сескенді. Осылайша белгілі біртүлдік диалектілерді желеу етіп, өзбек, қазақ, қарақалпақ, түркімен деп бөліп жіберді. Негізі бәріміз бірге едік.

Қазақ – тағдырлы халық

– XX ғасырдағы қуғын-сүргін, ашаршылық неден туындады?

– Тағдыр қазақты үлкен сындардан өткізді. Соның арасында соғысты, ашаршылық пен репрессияны көп көрді. Өмір деген тура жол емес. Нәзік мәселе болған соң кеңейтіп аша түсейін. Негізі патшалар білгір адамды атып тастағаннан гөрі, сатып алуды құп көреді екен. Ол тегін адам емес деп қарайды. Патшалар әлгі ықпалды адамды бір жақты қылмаса, өзін құртатынын күні бұрын білген. Сондықтан не сатып алған, оған көнбесе ғана ату жазасына бұйырған. Ал патшаға шамасы келмей тұрған білгір адам «атылып кеткеннен гөрі, сатылып, өз ісінді қылған дұрыс» дейтін көрінеді. Ал құр атылып кетсе өлді-өшті, идея жарты жолда қалды деген сөз. Егер патша өлсе немесе айласын тауып тақтан тайдыра алса, оның орнына келуі мүмкін ғой. Алашордашылардың барлығы біраз шаруаны осылай жасап, ұлтқа жан-тәнімен қызмет қылып үлгерді.

Адам үшін ең қымбатты дүние, ол – өмір. Пенде баласы өмір сүруі үшін барынша күресуі керек. Өз-өзін өлімге қиған адамға мұсылманшылықта да жаназа шықпайды. Кезінде осы жолды ұстап қазаққа қызмет қылған тұлғалардың бірегейі Тұрар Рысқұлов еді. Қанша дегенмен, олар да сол кездегі солақай саясаттың ығынан шыға алмайтын-тұғын. Билік – есірткі сияқты нәрсе. Өктемдердің айтқаны бола берді. Әгәрәки, биліктің дегенімен жүрмесең шетке шығып қаласың немесе атып тастайды. Бұдан артық жол жоқ. Тау тұлғаларымыздың мәжбүр болған кездері аз болмады. Жалғыз кешірім сұрамай сонына дейін жүрескен, ақыры шетелде дүние салған, ол – Мұстафа Шоқай.

Ұлтымыздың ардақты тұлғалары Сәкен Сейфуллин, Мағжан Жұмабаев, т.б. астыртын бір-бірін қолдап отырған. Сәбит Мұқановтай ұлтын сүйген адам көрмедік. Өзімен талай сөйлестік, әңгіме құрдық. Бәрінің қолы матаулы болған. Сәкен Сейфуллин қазақ тілін мемлекеттік тіл жасап, заңдастырды. Ал КСРО батыстың менталитетімен жүруді күштеп үгіт-насихат жасаумен өтті. Егер бір халық озбыр державаның айдағанымен жүрмесе, түбі зобалаңға ұшырайтыны белгілі болған.

Тұлғалары бар ел бақытты

– Қиын кездері елді сақтайтын тұлғалар көбірек шығатын сияқты, солай ма?

– Бұл өте күрделі нәрсе. Мұны зерттеп келсеңіз, тегіне де байланысты сияқты. Тұқым қуалайды дейді ғой. Бір қағида анық. Былайша айтқанда, көсемі бар ел бақытты. Қоғамдағы келеңсіздіктің бәрі осыдан. Кеңес өкіметінің озбыр саясаты кілең игі-жақсы, мықты, ұлтын сүйген азаматтарды қырып салды. Қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлының өзінен қазір жөнді ұрпақ қалмады. Дербестіктен бері мықтылар шоғыры шығуы керек еді, алайда олай болмады. Жаһандағы диктаторлардың әлемдік саяси ұстанымы бар. Яғни бас көтергенді жолдан алып тастап, үндемейтін тобырды басқарғандығы тиімді көрінеді. Конфуций «арам шөптерді жұлып отырғандай», тыныш отыру ұғымын осылай суреттепті. Ақын Абай «единица болмаса, не қылады өңкей нөл» дейді. Ғасырлар бойы қалыптасқан қасиеттер жарық сияқты шығуы қажет. Жоғарыда айтқанымдай, тұлға елге қай кезде де қажет.

Түркі халықтарының бірлігі бекем болсын

– Бүгінгі түркі тілдес аз халықтардың тағдыры қандай болуы ықтимал?

– Негізі көп түркі елдері өзінің шыққан жерін – Қазақстан деп санайды. Көбісі Алтайда өсіп-өнді. Ескідегі атау Түркістан өңірінде жетіліп, күшейді. Сөйтіп, Еуразия материгіне тарады. Керек десеңіз, Африкаға дейін өтті. Бүгінде тарихтың жаңа беттері ашылып жатыр. Кейбір зерттеушілер Будданың өзін түркіге телиді. Иран, арабтарды билеген мәмүлік сұлтаны Сұлтан Бейбарыстың тегі – түркі.

Түркия – Ливан, Сирияға жәрдем беріп келеді. Соның да мәнісі жоқ емес. Мәселенки, Сирияда 3 миллионға жуық туркоман дейтін түркі халқы бар. Қазіргі таңда туркомандар қиын жағдайда күн кешуде. 1,5 миллионы тілінен айырылған, арабқа айналған. Тым құрығанда, мектеп тұрмақ, әліпбиі жоқ, бірде-бір бас көтерер басшы шықпаған. Ливияда да мәмлүктердің ұрпақтары бар көрінеді. Янышарлар тағдыры да алаңдатады. Жалпы, түріктер аздаған түркі халықтарына қамқорлық жасап, үлкен жұмыстар атқарып жатыр.

Дүниедегі қактығыстар мен келіспеушіліктердің түйткілі тілге байланысты шығуда. Әр күшті держава өз тілін үстем етуге құмар. Сондықтан тіл деген нәзік проблема деп тұжырым жасаймыз. Әлі де тереңдетіп айтар ой-пікір жетерлік.

Түйіндей келгенде, заманымыз тыныш болуы үшін түркі әлемінің бірлігі бекем болса, бізді жау да, дау да алмайды.

Сұхбаттасқан Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙҒА ОРАЙ

«Алматы ақшамын» үйге жаздыртып алатындықтан, қаламгер ретінде де, оқырман ретінде де газет жарияланымдарын жіті қадағалап, қалт жібермей, қарап отырамын. Жақында басылымда жарық көрген «Аралас неке ұлт рухының әлсіздігі ме?» атты мақала тақырыбының өзектілігімен өз оқырмандарын елең еткізді деп ойлаймын. Тақырып жан-жақты зерделеніп, жақсы беріліпті. Бүгінгі қазақ қоғамының күн тәртібінде тұрған осынау өткір мәселеге немкетті, немқұрайлы қарауға болмас деген оймен қолға қалам алдым.

Марат ТОҚАШБАЕВ,

жазушы–публицист, Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі, профессор:

АРАЛАС НЕКЕДЕН

Қыз алысып, қыз берісу қарапайым дипломатия көрінісі де болған

Жалпы, аралас неке құбылысы көшпелі елдерде ежелден бар. Тарихқа қарап отырсаңыз, мұның қаншама мысалын көресіз. Бірін-бірі ата жау көретін қазақ пен қалмақ арасында тіпті көп. Айталық, Шәкәрім Құдайбердіұлы «Әз-Тәуке Салқам Жәңгірдің қалмақ әйелінен туған баласы еді» деп жазды ғой. Салқам Жәңгірдің бесінші ұрпағы Абылай ханның он екі әйелі болғаны, оның жетеуі қалмақ қыздары болғаны белгілі. Бұқар жырау Абылайға арнаған бір толғауында: Қалмақтан алдың бір зайып, Сүйегінді жоғалтпас. Абылайымсың алқатқан, Отының болсын жантақтан, Қатының болсын қалмақтан, Қосының болсын қазақтан, – деп жырлайтыны есімізде.

Әйгілі Хан Кененің әкесі Қасым сұлтан қалмақ қызына үйленген. Сол Топыш ханымнан Кенесары туады. Қарға бойлы Қазтуған жыраудың шешесі Бозтуған да қалмақ тайшысының қызы екен. Айта берсе, бұл өзі ұзақ әңгіме.

Бірақ орта ғасырлардағы жағдай басқа. Ол кезде тайпа, мемлекет билеушілерінің арасында қыз алысып, қыз берісу қарапайым дипломатияның көрінісі болған. «Судың түбін шым бекітеді, даудың түбін қыз бекітеді» деген мақал да сол кезден қалса керек. Ол тұста ұрпақтың қанын жаңарту мәселесі де осы тәсілмен шешімін тауып жатты.

Бүгінгі таңда ел мен ел арасында қыз алысып, қыз берісу, яғни аралас неке дипломатияның құралы болудан қалды. Ресей бандығы тұсында мұсылман діні мен христиан дінінің айырмашылықтары себебінен аралас неке көп тарай қойған жоқ. Өйткені, діні бөлек аралас неке жұптары бірінің дініне өтуі талап етілетін.

Кеңестік кезеңнің ілкі тұсында оқыған қазақ жастары өзіне тең оқыған қазақ қыздарын таппай татар қыздарына үйленген жағдайлар көп. Алаш қайраткерлерінің көбінің әйелдері татар қыздары болды. Татарларға үйленуі, біріншіден, тілі ұқсас, діні бір мұсылман әрі оқыған, көзі ашық, білімді болатын да, ал сол кездегі қазақ қыздары арасында сауатты, мәдениетке жақындары аз болған. Тарихта қазақ оқымыстыларының бірен-саран орыс қыздарына үйленген мысалдары да белгілі.

Айталық, Ахмет Байтұрсыновтың әйелі Бәдрисафаның шын аты-жөні – Александра Иванова. Ол діни шарт бойынша мұсылманшылықпен қоса Бадрисафа Мұхамедсадық қызы деген ныспы қабылдаған. Мұстафа Шоқайдың әйелі Мария Горина деген орыс актрисасы. Екеуінен ұрпақ жоқ.

Әлихан Бөкейханов 1901 жылы Елена Яковлевна Севостьянова деген орыс қызына үйленеді. Анасынан бата алуға барса: «Мойнына крест таққан келінімнің қалай маңдайынан сүйемін? Табалдырығымнан аттама-сын!» депті. Екеуінен туған Оқтай (ресми Сергей) есімді ұлы болған, орысша тәрбиеленуінің салдарынан оның өзі де, баласы Петр де таза орыс болып кетті.

Бұл жаңсақтықтардың «сан соқтырар» тұстары көп

«Өз жұртыңның аруымен бас қосудың аса қажеттігін кеш сезіп, сан соғып жүрміз» деп Мұхтар Әуезов айтпақшы, бұл жаңсақ-

тықтардың «сан соқтырар» тұстары көп. Парацельс: «әр нәрседе мөлшер болуға тиіс, дәрінің бір дозасы пайдалы болса, екінші бір дозасы уға айналады» депті ғой. Аралас некенің азғантай мөлшері қан жаңарту үшін пайдалы болса, оның жаппай теріс құбылысқа айналуы – ұлт ертеніне зиян. Бүгінгі таңда ұлтаралық неке ұлттық сана деңгейінің көрсеткішіне айналып тұр. Біздің қоғамымызда, әсіресе, соңғы 20–30 жыл ішінде аралас неке секілді некен-саяқ фактілер құбылысқа айналып кетті.

Аралас некеге үш тұрғыдан қарау керек. Бірінші, жігіт жағынан, яғни ер-азамат басқа ұлттың қызына жүрек қалауымен, яғни ғашық болып үйленеді. Бірақ олар мұның салдары әрі қарай не нәрсеге апарып соқтыратынын болжай бермейді. Мұндай некеде өмірден опық жеп қалған ағаларымыз көп.

Қазаққа жат құбылысқа мүлдем жол бермеген дұрыс

Бір қасіретті оқиғаны айтайын. Совет-герман соғысына қатысқан, СМЕРШ-те істеген Ахметкәрім Болысов деген қария болды. Әйелі орыс болатын. Оның Евгения деген жалғыз қызы, одан туған Катерина деген жиен немересі бар-тын. Қызы зоопаркте жұмыс істейтін. Сол қызы хайуанаттар паркінен әкеліп питон деген жыланның екі баласын асырайды. Олар тез өсіп, біреуі 3 метр, екіншісі 4,5 метр үлкен аждаһаға айналады. Кейіннен біреуін зоопаркке қайтадан өткізіп, екіншісін туған баласындай мөпелеп бағады ғой. Ал қария жыланнан өлердей қатты қорқатын. Жасы алпыстан асқан кезде жылан себеп болып, әйелі «үстіңнен қазақтың иісі шығады, сенімен бірге тұрғым келмейді» деп ажырасып кетті. Үй жалдап тұратын майдангерге өкімет екі бөлмелі пәтер берген.

Қателеспесем, үйі Тимирязев көшесі мен Есентай өзенінің қиылысында болатын. Ана орыс кемпірі «егер мына қақпас олай-бұлай болып кетсе, пәтер бізде қалуы керек» деген есеппен шалдың қасына немересін бірге тұрғызып қояды. Ақсақал өзі төрті бөлмеде, немересі дәу аждаһамен ауызғы бөлмеде ұйықтайды екен. Бір күні әлгі немересі питонды төрті бөлмеге кіргізіп жібереді. Ысылдаған жыланның дауысынан шошып ояңған қария қашамын деп питонға аяғы шалынып, сүрініп құлайды да, сол жерде жүрегі жарылып, жан тапсырады. Үш-төрт күн атасы шықпаған соң, немересі біздің «Заң газетінің» редакциясындағы бұрын қария туралы мақала жазған Марат Әбдіхалыков деген журналистке телефон шалып, атасының шықпай қалғанын айтады. Журналист полиция шақырып, бөлмесіне кірсе Ахметкәрім ағамыз қайтыс болып кеткен екен. Тіпті, арада үш-төрт күн салған сияқты.

Сонда орыс кемпірдің де, қызының да, немересінің де ақсақалмен ешқандай істері болған жоқ. Өйткені, олар менталитеті бөлек, мұсылманшылықтан мүлде ада жандар еді.



ҚАЗАҚ ТІЛІ ӨЛЕДІ

Бүгінгі таңда ұлтаралық неке ұлттық сана деңгейінің көрсеткішіне айналып тұр

(«Almaty aqshamy»: «Аралас неке ұлт рухының әлсіздігі ме?») №9 (6460), 2 ақпан, 2024 жыл)

Қарияны біздің редакция жігіттері көлік жалдап, ТЭЦ жақтағы бір бейітке арулап жерледі. Редакция қызметкері Әбдрахман Асылбеков ағамыз Құран бағыштады.

Бір айдан кейін «Вечерняя Алма-Ата» газетінде марқұм майдангердің қызының атына «сүйікті питонының трупный запахтан» қайтыс болуына байланысты көңіл айту шықты. Әкесін ардақтамағандардың өлген жыланды ардақтағандарына таңқалдық.

Ендеше, аралас неке ер-азамат үшін қайырлы болуы екіталай. Әлгі «Таспен жапалақты ұрсаң да – жапалақ өледі, жапалақпен тасты ұрсаң да – жапалақ өледі» дегеннің кері. Аралас некеде қалай болғанда да қазақ тілі өледі. Сондықтан қазақ жігіттерінің басқа ұлттан қыз алуы құптайтын да, қолдайтын да нәрсе емес. Қазаққа жат құбылысқа мүлдем жол бермеген дұрыс.

Ұлттық идеология бар жерде бағыт-бағдар болады

Енді қыздарымызға қатысты екінші көзқарасты айтайын. Қазір орыс, кәріс, қытай, түрік былай тұрсын, африкалық зәңгілермен көңіл жарастырып, шетел асып жатқан қыздарды көріп жүрміз. Біздің дінімізде қыз бала тұрмысқа шықса, оның күйеуі шаригат бойынша міндетті түрде мұсылман болуы керек.

Жалпы, қазақ қыздарының шетел азаматын таңдауындағы басты себеп – ол біздің қазақ жігіттерінің осалдығынан деп ойлаймын. Екіншіден, демографиялық қиғаштықтар. Дүниеге келгенде ұл балалар сәл көптеу болғанымен біртіндеп кеми береді. Түрлі төбелес, қақтығыста жарақаттану, өндірісте мертү, әскердегі әлімжеттік, түрмеге тоғытылу, арақ-шарап, темекі, құмар ойындар, ауру-сырқау салдарынан отыздың төңірегінде жігіттер күрт азаяды. Сөйтіп, үйленетін шақтағы жігіттердің саны тұрмысқа шығатын қыздардың санынан кеміп кетеді. Теңін таппаған соң, қыздардың шетел асуының бір себебі осы. Стамбулда түрлі сауда орындарында қожайынға қызметші болып немесе көңілдісі болып жүрген қаншама қазақ қыздарын көрдік. Жаның ашиды. Мәселенің бар екендігін мойындайсың.

Бұл салада мемлекеттік саясат, ұлттық идеология болуы керек деп есептеймін. Ұлттық идеология бар жерде бағыт болады, бағдар болады, бірлік пен ынтымақ болады. Мүмкіндігінше қазақ жігіттері мен қазақ қыздарының үйленуіне жағдай жасалуы керек. Пайдасы тиер болса кешегі кеңестік тәсілдерді де кәдеге жаратқан жөн.

● ТҮЙІН:

Қазақтың ұлтжанды болуы елдің дамуына пайдасын тигізбесе, еш кедергісін келтірмейді. Қайта халықты біріктіре түседі. Бұл аңсаған ұлттық мемлекетімізді нығайтудың басты шарттарының бірі!

Мәселен, осыдан 40 жылдай бұрын Алматыдағы зоотехникалық-малдәрігерлік институты мен Қазақ қыздар институтының арасында тығыз байланыс болды. Түрлі танысу кештері, кездесулер жиі ұйымдастырылып тұратын. Екі оқу орнының мұғалімдері кездесе қалса, бір-біріне «құда-құдағи» деп әзілдесіп сөйлесетін. Мұндағы мемлекеттің ұстанатыны – бір зоотехник пен мұғалима шаңырақ көтерсе, екеуі қол ұстасып ауылға барып, сол ауылдың мәдениетін көтеруге қызмет етеді деген саясат. Алматыдағы Құрылыс комбинаты (АДК) мен Алматы мақта-мата тоқыма комбинатының арасында да осындай байланыс болды. Сол кезде АДК-ның жігіттері мен АХБК-ның қыздарының арасынан қаншама жарасымды жұптар шықты. Міне, осындай саясат болғанда, аралас неке болмас еді деп ойлаймын.

Демографиялық бағытта табанды саясат керек

Бүгінгі таңда мемлекеттің демографиялық бағытта ұстанған табанды саясат жоқ. Әркім өз бетінше, бей-берекет өмір сүріп жатыр. Осыны назарда ұстаса деймін. Мәселе ұштаған ғой. Енді үшінші тарапқа келейік. Бұл – ата-ана.

Егер ұлтын сүйетін ұрпақ тәрбиелеймін десе, ата-ана баласына кішкентайынан қазақтың ұлттық әдет-ғұрпы мен салт-санасын, ырым-тыйымдарын сіңіріп отырғаны абзал. Бала қанша жерден орысшаға үйір болса да, ол өз үйінде қазақша сөйлеуі тиіс.

Мәселен, мен өз басым, балаларымның барлығын қазақ балабақшасына бердім. Сол балабақша, мектептер ашу үшін Жазушылар одағының жанындағы Шона Смаханұлы басқаратын мектеп кеңесінің жұмысына атсалыстық. Күрестің нәтижесінде осы Алматыда 23 қазақ мектебін ашуға мұрындық болдық. Соның біреуіне №45 мектепке жасы әлі жете қоймаса да, үлкен қызым Айгүлді алты жасында 1-сыныпқа бердім. Одан кейінгі ұл-қыздарым да қазақ мектебінде оқыды.

Балаларым даладан үйге кіргенде, «аяғыңды сұрт, орысшанды осы табалдырықта қалдыр, бұл қазақтың үйі, сен қазақсың, қазақша сөйлеуің керек!» деп талап етіп отыратынбыз.

Құдайға шүкір, қазір ұл-қыздардың бәрі балалы-шағалы. Барлығы қазақшаға жетік. Ана тілінде таза сөйлейді, орысша да біледі, ағылшын тілін де еркін меңгерген. Кенже қызым Жанеркениң өткен жылы «Мен әлемді сүйемін» атты кітабы жарық көрді. Өзі ағылшын тіліне қоса бүгінде түрік және жапон тілдерін үйреніп жүр. Бұл менің мақтанғаным емес, басқаларға үлгі болсын деген ниетпен айтып отырғаным.

Егер ата-ана баласының болашағын ойлап, ертеңгі күні ұлы басқа ұлттан қыз алмауын, қызы шетелдікке тұрмысқа шықпауын қалайтын болса, отбасындағы тәрбиеге көңіл бөлуі керек. Бұл қиғаштықтарға қарсы біз мемлекетті қосқанда төрт тарап болып күрескенде ғана тосқауыл қойылуы мүмкін.



ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

БАҚЫТТЫ БОЛҒЫМ КЕЛЕДІ...

Отбасының шырқы бұзылған әйел-аналардың жан сыры

Ресми мәліметтерге сүйенсек, елімізде жылына 400-ге жуық әйел ерінің тепкісінен көз жұмады. Колонияда жазасын өтеп жатқан әйелдердің 70%-ы күйеуін өлтіргені үшін сотталғандар көрінеді. Ал арамызда қоғамның, ортасының, айналасының сөзінен қаймығып, «ұят боладымен» немесе бала үшін деп, жуан жұдырықтан көзі ашылмай келе жатса да, қасіретін ішіне жұтумен, сүренсіз ғұмыр кешіп жатқан қанша әйел жүргені бізге беймәлім.

НЕГЕ, НЕГЕ?

Иә, еліміздің Ішкі істер министрлігінің өкілдері кейінгі он жылда тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты қылмыстық істің күрт көбейгенін жасырмайды. Отбасындағы жанжалдың ушығып, арты жұдырық жұмсауға, пышақтап кетуге, құлақ-мұрнын кесіп алуға, тіпті балталауға дейін ұласатын әрекеттерден зәбір көретіндердің басым бөлігі – әйелдер мен балалар. Ал ЮНИСЕФ пен Қазақстан арасындағы біріккен зерттеулер нәтижесі үлкендердің 75%-ы балаларды тезге салу, «тәрбиелеу» мақсатында ұратынын көрсеткен.

«2023 жылы тұрмыстық зорлық-зомбылық салдарынан 69 әйел мен 7 бала қайтыс болды. Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты 99 мыңнан астам арыз түсіп, балаларға қатысты 2452 қылмыс жасалған. Ешкімді бей-жай қалдырмаған бірнеше атышулы істер болды. Біз, Сенат депутаты, Үкіметке сауал жолдаған болатынбыз, естеріңізде болса, жауап тез келді», – деп жазған болатын осы тақырыпқа үн қосқан Парламент Сенатының депутаты Жанна Асанова өзінің әлеуметтік парақшасында. Сондай-ақ, ол мемлекеттік органдар еліміздің Бала құқықтары жөніндегі уәкілі Динара Зәкиеваның командасымен бірлесе отырып, қорғаншылық қызметкерлерінің санын 1650 адамға (қазіргі уақытта республика бойынша 309) жеткізу бойынша жұмыс жүргізіліп жатқанын да айтқан болатын.

Осыдан 25 жыл бұрын, дәлірек айтсақ, 1998 жылы Қазақстан әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысанын жою туралы Конвенцияны ратификациялады. 2009 жылы елімізде «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы» Заң қабылданды. Әйел құқығын қорғайтын Ата Заңымыз, Қылмыстық кодексе, «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексе, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексе, «Қазақстан Республикасының Ішкі Істер органдары туралы» Заңы бар. Сондай-ақ, 2016 жылы тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарын толық оңалту және әлеуметтендіру үшін арнайы әлеуметтік қызметтер стандарты қабылданған. Дәл сол кезден бастап отбасынан жылы таппай, таяқ жеген әйел-аналарды, ұрыс-керістен шошып қалған балаларын уақытша паналататын, оларға психологиялық, әлеуметтік тұрғыда көмек көрсететін дағдарыс орталықтары құрылып, жұмыс істей бастады. Бірақ осыншама бірнеше ресми қорғанымыз бола тұра, жуан жұдырықты еркектер, зәбірленуші әйелдер хәм үйдегі «шай-кастан» жүрегі шайлығып, үредек болып қалған балалар көбеймесе, азайған жоқ. Неге?

ЖАНҒА САЯ

«Иә, тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арналып ашылған баспаналар бар. Бірақ бұл да өзекті мәселені түбегейлі шеше алмай тұр. Өйткені, тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы заң мен профилактикалық жұмыстар әлі тиісті деңгейде емес. Біз тұрмыстық зорлық-зомбылықты физикалық, психологиялық, экономикалық және сексуалды деп бөлетін болсақ, шынайы өмірде әрбір үшінші отбасында осы төртеуінің біреуі міндетті түрде орын алатынын білдік. Біз әлеуметтік зерттеуімізді Фридрих Эберт қорымен бірге жүргізген болатынбыз. Онда



(Сурет ашық дереккөздерден алынды).

әрбір 6-шы баланың зорлық-зомбылықтың куәгері екеніне көз жеткіздік. Яғни бір миллион бала отбасындағы ұрыс-жанжалды көзімен көріп, психологиялық жарақат алған. Өкінішке қарай, бүгінгі күні бізде оларды оңалту бойынша бағдарламалар жоқ», – дейді республикалық «Дағдарыс орталықтары одағы» заңды тұлғалар бірлестігінің басқарма төрағасы Зульфия Байсақова.

Жалпы, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың 80%-ы мас күйінде жасалады екен. Бұл туралы ҚР Ішкі істер министрінің орынбасары Игорь Лепеха Орталық коммуникациялар қызметі алаңында БАҚ өкілдерімен өткен брифингте мәлімдеген болатын.

Алматыда да дағдарыс орталықтары бар. Солардың бірі – «Жан-Сая» деп аталады. Бұл мемлекеттік орталықтың таяқтан көз ашпағасын, үйінен балаларын жетектеп ала қашқан талай әйел-ананың жанына сая, басына пана болып келе жатқанына біраз жылдың жүзі болған. Былтыр орталықта әйел, баланы қосқанда, 1980 адамға көмек көрсетілген. Ал 2022 жылы

1708 адам паналаған екен. Демек, бір жыл ішінде ұрыс-жанжалдан шаршағандардың саны артпаса, кемімеген.

АГРЕССОР ӘЛЕГІ

Иә, дағдарыс орталығы жылап келген әйел-аналардың көз жасын құрғатып, жан-жақты қолдау көрсетуге тырысады. Олармен әуелі психологтар жұмыс істейді. Екі тарап диалог орнатады, болған жағдайды зерделейді. «Болды, ондай күйеуден кетіңіз, ажырасыңыз» деп кесіп-пішпейді ешкім, егер қаласа агрессорлармен де, яғни әйелдің ерімен де жұмыс жүргізіледі. Нәтижесінде отбасылық дағдарыстан бірге шығатын ерлі-зайыптылар да бар көрінеді. Ал кетеуі кетіп, шырқы бұзылған шаңырақты қайта көтеруге келмейтін жағдайлар болса, зәбір көрген әйелдер қаладағы «Бақытты отбасы» орталықтарында өтетін түрлі тегін курстарға қатысып, кәсіп игеріп, мәселен, бүгінгі күні сұранысқа ие СММ және мобилограф мамандықтарын меңгеріп шығуына болады. Осы кәсіп бойынша алғашқы табысын тауып, еңсесін

тіктеп, қатарға қосылып, баласын балабақшаға орналастырып жатқан әйел-аналар да аз емес.

«Біздің дағдарыс орталығына түсетін адамдардың 30%-ын полиция өкілдері әкеледі, ал 10%-ы қайда барарын білмей маңдайы тасқа соғылып тұрған жерінде кездескен қарапайым тұрғындардың жөн сілтеуімен келеді. Кейбірі дереу қолындағы ұялы телефонымен ғаламторға кіріп, біздің орталықтың нөмірін тауып берсе, кейбірі өз қалтасынан ақша шығарып таксимен жеткізіп салады. Осындайда киналып тұрған адамды байқап, жанына өтіп кетпей, бірден көмек қолын созатын санасы сергек, қайырымды адамдардың барына қуанасын», – дейді дағдарыс орталығының заңгері Гүлшара Сапарова.

Айтпақшы, осы орталықтың орналасқан жерін тауып алып, табанда жетіп келетін агрессорлар да бар көрінеді. Ондайда әйел мен балаларының қауіпсіздігі үшін полиция қызметкерлері де қарап қалмайды. Осы орайда сарапшылар агрессормен жұмыс істеу бағдарламаларын дамыту керек деп отыр. Иә, дағдарыс орталықтары тұрмыс-

стық зорлық-зомбылық құрбанына жәрдемдеседі. Яғни жәбірленуші әйелге психологиялық, заңдық және әлеуметтік тұрғыда жан-жақты көмек көрсетіледі. Ол басынан өткен жағдайларды таразылап, салмақтап, ой елегінен өткізе отырып, есін жиып, бір қалыпқа түсіп, отбасына оралады. Бірақ оны бәрібір сол агрессор-күйеуі қарсы алады. Сондықтан күн тәртібіне оның мінез-құлқын өзгерту бойынша жұмыстарды қою керек дейді мамандар.

ТАҒЫ ДА ТАЯҚ...

Еуропа елдерінде көршісінің иті үрсе де ұйқымды бұзды деп полицияға шағымданып жатады. Ал бізде көрші пәтерде айқай-шу болып жатса, қабырғаның бергі жағында «бәлесінен аулақ» деп көршіні тас бүркеніп алып жата беретін кездеріміз де жоқ емес. Рас, ерінен жәбір көріп, полицияға арыз жазып, «енді бұлай тұра алмаймын» дейтін әйелдердің 80%-ы арызын қайтып алып жататын көрінеді. Бәлкім, алдағы күндерінен үміттенеді, жақсы болып кетерміз деп сенеді. Бақытты болғысы келеді. Бірақ тағы да таяқ жеп тынады. Тіпті, өліп кетіп жатқандар да бар. Қоғамның заңды қайтау керек деп талап етіп отырғаны сондықтан.

Президент тапсырмасына сәйкес елімізде Қылмыстық кодекске өзгерістер енгізіліп, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты заң қатая түскен. Оған сәйкес, отбасылық жанжал үшін агрессорға ескерту жасалады немесе 5 тәулікке қамауға алынады. Тағы қайталанған жағдайда 10 тәулікке қамаалады. Ұрып-соқса – 10 тәулікке, қайталанса 20 тәулікке қамаалады.

Айтпақшы, қаңтар соңында әйелдер құқығы мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелеріне қатысты заң жобасы Мәжіліс қарауына түсті. Онда ұрып-соғуды және денсаулыққа жөніл зиян келтіруді қазіргі әкімшілік жауапкершіліктен қылмыстық жауапкершілікке жатқызу және жазасын қатандату; жәбірленушінің өтінішін күтпей-ақ зорлық-зомбылық туралы БАҚ немесе онлайн платформалардағы ақпарат негізінде тиісті іс-шараларды қабылдау құқығын беру; отбасында зорлық-зомбылық жасаған адамдардың агрессивті мінез-құлқын өзгерту үшін сотқа психологиялық көмек көрсетуді міндеттеу уәкілеттігін беру; педофильдерді өмір бойы бас бостандығынан айыру туралы және басқа да маңызды нормалар қарастырылған. Енді соңғы нүктесін күтеміз.

P.S.: Егер тұрмыста зәбір аты-жөніңізді айтпай-ақ «150» сенім телефонына қоңырау шалыңыз немесе 8 771 450 34 50 (WhatsApp) нөміріне хабарласыңыз, сөйлесуге мүмкіндігіңіз болмаса, мән-жайды айтып жазыңыз. Алматыдағы «Жан-Сая» дағдарыс орталығы тәулік бойы жұмыс істейді. Сізге міндетті түрде көмек көрсетіледі.



Нұржамал
ӘЛІПШЕВА,
журналист.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

СӘУЛЕ, 25 жаста, екі баланың анасы:

«ЖЫЛУ КӨРМЕЙ ӨСТІМ...»

Мектеп бітіре салып, ауылдағы жасы үлкендеу кісіге тұрмысқа шығып кеттім. Себебі, бала күнімнен өз үйімнен жылылық көрмей, өгей шешенің тепірішін көріп өскен қыз едім. Оқтаумен тоқтап, ток шәйнектің шнурымен ұратын. Үйде жалғыз бала болдым. Өгей анам түсі суық, бала таппаған кісі-тін. Кейін ойласам, сол үшін менен алғысы келген секілді. Өзімді қатарластарымнан кем, қор санап өстім. Досым да болмады. Әйтеуір үйден тез кетсем екен деген ғана ой болды менде. Мектептегі үлгерімім мәз болмағасын, оқу туралы да ойламаппын. Бірақ бағым ашылмады. Енемнің жәбіріне төтеп бере алмадым. Олақсың, салақсың деп кемсітетін. Үйге кісі келсе, сол адам кетісімен дереу есіктің тұтқасын сүртіп, есік көзіндегі алашаны қағып-сілкіп ала жөнелетін өте кірпияз адам еді. Күйеуім аурушан, өте жуас адам болды. Маған болыса да алмайтын. Өзім бала күнімнен жылылық көрмеген басым, морт сындым. Екі баламен ажырасып кеттім. Ба-

ӘМИНА, 31 жаста, үш баланың анасы:

МЕЙІРІМ СЕЗБЕДІК

Күйеуім үш қыздың арасында баршылықта өскен жалғыз ұл болды. Бұрын үйленбеген, ал мен бірінші күйеуіммен арада бала болмағасын, төрт жылдан соң ажырасып кеткенмін. Бұрын есік көргенімді біледі. Сол үшін, сүйіп тұрсам да, жолатқым да келмей, Астанаға да көшіп кеткен болатынмын. Тып-тыныш жұмыс істеп жүрген жерімнен тауып алып, мен сенсіз өмір сүре алмаймын деп өлердегі сөзін айтқан соң, қосылып тындық. Алғашында бәрі жақсы болды. Себебісіз-ақ сыйлық әкеле беретін. Аяғым ауырып, құрсақтағы шарананың қыз екені белгілі болғанда, отбасымыздың берекесі қаша бастағандай. Күйеуім күнделікті үй тіршілігіндегі әрбір әрекетімнен кемістік тауып, мін тағатынды шығарды. Ұзақ уақыт басыну мен орынсыз сөгуден басталатын ұрыс-керістің арты екінші қызымыз туғанда ұрып-соғуға ұласа бастады. Ішіп келіп,

ратын жанашыр туысым жоқ. Алматыға келіп, мойқаға жұмысқа тұрдым. Балаларымды пәтер жалдап тұратын көрші келіншекке қалдырып кетіп жүрдім. Сөйтіп жүргенде, екінші күйеуіммен таныстым. Ол да ажырасқан. «Екі жарты, бір бүтін болайық» деп шештік. СТО-да істеді. Табысы жаман болған жоқ. Бірақ ортасы дұрыс болмады, күнде жиын, бастаңғы. Соның кесірінен пәтерді де жиі ауыстыратынбыз. Өзімен еріп келген достарынан қызғанатын, «ол неге саған қарап қалды, сен де оған күлгендей болдың» деген секілді әңгімелері көбейе бастады. Олар кеткен соң міндетті түрде онбай таяқ жейтінмін. Кейде денемді көтере алмай, бүк түсіп жатып қаламын. Сосын жұмыстан қаласын. Бір күні ішіп келіп мені тепкілеп жатқанда, маған шырылдап араша түскен үлкен ұлымның басын жарды. Екі баламның да жүйкесі жұқарған, өзімнің де «травмам» жетерлік, тағы қаштым үйден. Дағдарыс орталығына келдім. Менде тіпті отбасы шаттығы, дастархан басында күліп отырып шәй ішу деген ұғым мүлдем жоқ секілді. Ол үшін өгей шешемді, әкемді де кінәлап өтетін шығармын...

тым дөрекі сөйлейтін. Сонда ғана білдім, үйде қыз балаға бәрінің де дұрыс көзқараста емес екенін. Әпкелерінің маған деген ықыласы әу баста дұрыс болмады. Бәлкім, ініміз үйленбеген қыз алмады деді ме, білмедім. Ұл туып бергім келді. Бірақ тағы қыз тудым. «Арамтамақтар, жатжұрттықтарды босқа асырап жатырмыз» деп келетін сөздері сүйектен өтетін. Не керек, желкілдеп өсіп келе жатқан үш қызым да, өзім де мейірім сезбедік. Маған олардың қыздарымды әрі ойнаңдар деп, оп-оңай қағып жіберетін сәттері мүлдем ұнамады. Сөйтіп, психологиялық зәбір көре бастадық. Қыздарымның үредек, жалтақ болып өсіп жатқаны тіпті жанымға багты да, бір күнде жиналып кетіп қалдым. Қыз балалар бағып отырған соң, неше түрлі оқиғаларды естіп жүргесін, қайта тұрмыс құру туралы мүлдем ойламаймын қазір. Өрине, үмітім жоқ емес, басым жас, мен де әйел ретінде бақытты болғым келеді. Бірақ қыздарымды аяқтандырып алсам деймін. Одан кейінгісін көре жатармын.



ТАЗА АЛМАТЫ

ҚОҚЫС ШЫҒАРУ ТАРИФІ ҚЫМБАТТАЙ МА?

Күнделікті өмірде біз байқай бермейтін құбылыстар жетерлік. Жиналған қоқысты тазалап, арнайы орындарға апаратын мамандардың еңбегі ерен. Алайда, сондай қиын жұмысты жасайтын жандардың еңбегі елене ме? Біз төлейтін қоқыс тарифі мен олардың жалақысының қандай байланысы бар? Осы сауалдарға жауап іздеп көрдік.

Қоршаған ортаны тазалап, табиғаттың қорғаушысына айналған тазалық мамандарының орны ерекше. Күннің суығы мен ыстығына қарамай қиын жұмыс атқарады. Күнделікті таң атқаннан кеш батқанға дейін қоқыс тазалайтын адал еңбек иелері. Осы орайда Алматы қаласының қоқыс тазалау саласында 25 жыл тәжірибесі бар Сәкен Темірғалиев өз ойымен бөлісті.

Қоқыстан қаланы тазалаумен күнделікті айналысамыз. Аптасына «Алатау» шағынауданынан 60 тоннаға жуық қоқыстан тазалаймыз. Қоқыс тазалау саласында жұмыс жасағысы келетін адамдарды табу өте қиын. Жалақысы аз болған соң ешкім істегісі келмейді. Жекеменшік қоқыс тазалайтын мекеме болған соң өкіметтен ақша



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

алмаймыз. Кейде тұрғындардың өзі қоқысты алып кеткеніміздің тарифі бойынша 500 теңгесін төлегісі келмейді. Мысалы, жарық үшін төлемесе, жарықты кесіп тастайды, су үшін төлемесе, суды өшіре салады. Ал бізде қоқысты алмай қоюға болмайды. Төле-

месе де тазалауға міндеттіміз. Қоқыс тазалап үлгермей қалатын кездеріміз де болады. Себебі, жұмысшылар жеткіліксіз. Ешкім ауыр жұмысты аз ақшаға істегісі келмейді. Сондықтан тариф бағасын көтеруді қарастыру дұрыс шешім, — деді С.Темірғалиев.

Бұл тек жұмысшыларға ғана емес, жекеменшік қоқыс тазалайтын мекемеге де тиімсіз болып отыр. Соңғы рет тариф бағасы бірнеше жыл бұрын көтерілген. Одан кейін қанша жыл өтсе де бағасы өспеген. Алайда, техниканың өзіне қыруар қаражат кететін көрінеді. Тариф бағасы көтерілмегенмен, жанармай, техника бөлшектерінің бағасы бірнеше есе өскен.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ислам СӘРСЕНОВ,
«Алатау» ықшамауданында қоқыс тазалаушы техниканың жүргізушісі:
— Бұл салада жүргеніме 11 жылға жуық уақыт болды. Жұмыс оңай емес. Таң атқаннан ауданды тазалауды бастаймыз. Қысты күндері тіптен қиын болады. Көбісінің бұл жерде жұмыс жасағысы келмейді. Жұмысшыларды табу қиындық тудырады. Тіпті, кейде өзім де адам жетіспеушілігінен, жүргізушіліктен бөлек, жұмысшы болып кетемін. Жалақымыз жұмысымызға сай келмейді. Себебі, жұмыс оңай емес. Адамдар кейде біздің жұмысымызды бағаламай жатады. Біз тазалап кеткен соң қоқыс салатын арнайы орын болса да, сыртына тастап кетеді. Бізге қайта тазалауға тура келеді. Тұрғындар табиғат алдындағы жауапкершілікті сезінсе дейміз.

САУАЛНАМА

ЖҮРГІЗУШІ КУӘЛІГІ

үлкен жауапкершілік жүктейді



(Фотодереккөз: eGov.kz).

Арман ОСПАНОВ,
құрылысшы:

Өзге адамдардың өміріне жауапты

Биыл көлік тізгіндеп жүргеніме алтыншы жыл. Жалпы, темір тұлпар жүргізуді әкем үйреткен. Он бес жасымда алғаш рөлге отырдым. Он сегіз жасымда әкем жол ережелерін үйрете бастады. Сол уақытта куәлікті сатып ала салу ешқандай қиындық тудырмайтын. Өз күшіммен алғым келді. Неліктен қолымнан келетін іске ақша төлеуім керек деген ой болды. Осылайша ешқандай орталықта оқымай, заңға қайшы іс жасамай жүргізуші куәлігін алдым. Темір тұлпарды жол ережесін білетін адам жүргізуі керек. Себебі, жүргізуші өзге адамдардың өміріне жауапты. Жол — қателікті кешірмейді. Жол ережесін бұзбай, айналамызға қауіп төндірмей жүрейік.

Ақниет ТЕМІРБЕК,
кәсіпкер:

Куәлік сатыла ма?

Алғашқы көлігімді сатып алғанда жүргізуші куәлігім болмады. Тез арада көлік жүргізу керек болды. Заңсыз жолмен алуды ұйғардым. Таныс-тамыр іздей бастадым. Бір кісі өзі хабарласып, бағасы екі жүз мың болатынын айтты. Танысы барын айтып, қалай көндіргенін байқамай қалыппын. Ақшамды сол сәтте санап бердім. Екі күн ішінде дайын болады деген адам ізім-қайым жоқ болды. Бармақ басты, көз қыстылық жасаймын деп опық жеп қалдым. Осы жағдай сабақ болды. Содан арнайы мамандардан толықтай үйреніп, жүргізуші куәлігін өзім тапсырып алдым. Ақшаға білімді сатып ала алмайсың. Жол ережелерін білген өзіме жақсы. Сондықтан асығыс шешім қабылдамаған абзал екен.

Зарина АСЫЛБЕКҚЫЗЫ,
студент:

Көлік жүргізуге ниеттімін

Қазір екінші курстағы студентпім. Көлік жүргізуді үйрену үшін арнайы орталықта оқып шықтым. Жол ережесін де толық жаттадым. Алайда, жүргізуші куәлігін алу қиындық тудырады. Тестілеуден өту тіптен қиын екен. Дайындалған сұрақтарым мүлдем келмеді. Қырық алу керек тесттен жиырма сегіз алып қалдым. Енді келесі тестілеуді күтіп жүрмін. Бұл жолы сүрінбей өтетініме сенімдімін. Алдыға қойған мақсатыма жетпей қоймайтын қасиетім бар. Бір қызығы, жүргізуші куәлігін сататын адамдар да бар екен. Тесттен өтпей қалғанымда бір кісілер жақындап, алып бере алатындарын айтты. Заңды бұзғым келмеді, бірден бас тарттым. Менің ағаларым көлік жүргізсе алмайсың деп сенбейді. Ағаларыма қыз болсам да көлік жүргізе алатынымды дәлелдеймін.

БІР ТАМШЫ ОЙ



(Сурет: avatars.dzeninfra.ru).

ӘДЕП ЖӘНЕ ӘДЕТ

«Көз қорқақ, қол батыр» деген сөз бекер емес

Әдет — сіздің күнделікті өмірді сүруіңіз. Әдеттің негізгі екі түрі бар. Біріншісі — жақсы әдет, екінші түрі — жаман әдет. Әдеттің жақсысын таңдап, биік нәтижеге жетесің бе? Жаман әдетті таңдап, өзіңе зиян келтіресің бе? Таңдау өз қолыңда екенін ұмытпаған абзал.

Қазіргі таңда адам өмірінде әдеттің рөлі өте үлкен. Аз-аздан үздіксіз қайталап, кез келген нәрсеге қол жеткізуге болады. Су сұйық болса да тас жара алады. Жел жұмсақ болғанымен, тауды құмға айналдыра алады. Бір тасқа үздіксіз тамшы су тамып тұрса, тасты ойып жібере алады. Сол сияқты, әдет арқылы үлкен жетістікке жетуге болады.

Маңызды тұсы — мақсатты дұрыс қоя білу. Әдет қалыптастыра бастағанда, ең алдымен адам өзінің тұлғасын, сенімдерін өзгертуден бастаған жөн. Сенімін өзгерте алған адамға ерінбей, жалықпай әдетін жалғастыру оңайға түсері анық.

Әдет қалыптастыруда қиындық тудыратын себептер көп. Адамның миы өте күрделі болып келеді. Артық энергия жұмсауға жол бермейді. Артық еңбек талап етілсе, кішкене ғана түсініксіздік пайда болса, ми беріле салады. Сондықтан дұрыс сұрақ қойып, пайдасын ұғыну арқылы жалқаулықтан арылуға болады. Біз миымызға күрделі тапсырма бергенде, ол қиын болып көрінеді.

Алғашқыда әдет қалыптастырғанда оңай тапсырмалардан бастаған жөн. Мәселен, күніне 30 бет кітап оқимын десеңіз, мотивация

болса ғана жасай аласыз. Ал күніне 5 бет оқуға бекінсеңіз, үздіксіз әдетке айналуы әбден мүмкін. Сондықтан «көз қорқақ, қол батыр» деген сөз бекер емес.

Көп адамдар өзгерістің тез арада болғанын қалайды. Алайда, кез келген салада жетістік үздіксіз істелінетін әрекеттен болады. Сіздерге әдет қалыптастыру оңай болу үшін өзіңізге пайдалы әрекеттер табу қажет. Мәселен, күнде ерте тұру, таңғы жаттығу жасау, белгілі мөлшерде су ішу, кітап оқу, тіл үйрену.

Мысалы, сіздің ағылшын тілін үйренемін деп жүргеніңізге бір жыл болды. Ойлап қарасақ, күніне екі сөзден жаттап отырғаныңызда, қазір 700-ге жуық ағылшынша сөз білер едіңіз. Дәл осылай уақытты үнемді пайдалануға болады. Қазіргі таңда үлкен жетістікке жетіп жатқан спортшылар, ғалымдарды көреміз. Барлық жетістіктер біріктіретін бір нәрсе бар. Ол — үздіксіз сол бағытта жасалынған еңбек. Спортшылар өз спортында мықты болу үшін күнде жаттығу жасайды. Ғалымдар жаңалық ашу үшін үздіксіз білім алады, зерттейді. Дәл осылай кез келген адам мақсатына жету үшін берілмей еңбектенуі қажет. Әдет — адамның өмір сүру салты.

Бетті әзірлеген Ернұр РЫСБАЙ.

Шаһарымызда көлік саны күн санап артуда. Бұл жүргізушілер санының көбеюіне тікелей байланысты. Автомектепте оқымай-ақ емтихан тапсыруға болады. Бұрындары арнайы сертификатсыз кіргізілмейтін. Кейбіреулер жүргізуші куәлігін екі ай бойы арнайы орталықта оқып үйреніп, дайындалып алады. Біреулер дайындалмай-ақ алып жатады. Жалпы, темір тұлпар тізгіндеушілер жолдағы жауапкершілікті сезіне ме? Сондай-ақ, жүргізуші куәлігін алу қаншалықты қиын деген сұрақтарға жауап іздедік. Ішкі істер министрлігінің бұйрығымен емтихандарды қабылдау және жүргізуші куәліктерін беру қағидаларында өз бетінше даярланған адамдар емтихан тапсыруға жіберіледі. Жүргізуші куәлігін алушы екі сынақ тапсырады. Ол теориялық және практикалық емтихан бойынша болады. Теориялық емтиханнан қырық сұрақтан сүрінбей өтіп, отыз екі балл жинаған адам келесі кезеңге өтеді. Практикалық емтиханнан өту үшін көлікті ешқандай ереже бұзбай, айдап өту керек.



«ЖАЙЛЫ МЕКТЕП» ЖОБАСЫ

ҰРПАҚ ТӘРБИЕЛЕУ – ЖАУАПТЫ МІНДЕТ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Қазақстан халқына арнаған Жолдауында «Орта білімнің сапасы – табысты ұлт болудың тағы бір маңызды шарты. Әрбір оқушының білім алып, жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасалуға тиіс. Сол үшін «Жайлы мектеп» жобасы қолға алынды. Біз 2025 жылға дейін 800 мың баланың заманауи мектепте оқуына жағдай жасаймыз. Жалпы, мектеп салу Үкімет пен әкімдіктер үшін басты міндеттің бірі болуы керек» деген еді.

Рая
ЕСКЕНДІР

Міне, Алатау ауданындағы «Акцент» ықшамауданында 2013 жылы ашылған №181 жалпы білім беретін мектеп осындай үдеден шығып отырған білім ұясы. Кең де жарық, барлық жағдайы жасалған жаңа мектеп. Алғашында небәрі 500 оқушымен ашылған мектепте бүгінгі таңда 2900, яғни үш мыңға жуық бала білім алып жатыр. Заманауи мектепте бәсекеге қабілетті ұрпаққа саналы тәрбие мен сапалы білім беретін 217 мұғалім еңбек етеді.

Білім шаңырағына өз саласының білгірі, ардақты ұстаз, ҚР Білім беру ісінің үздігі, тарих ғылымының кандидаты Жеңіскүл Сатаева басшылық етіп, бүкіл ұжымның ұйтқысы болып отыр. Бұл мектептің ашылуы кезінде осынау ықшамаудандың тұрғындары үшін зор қуаныш болған еді. Мемлекеттік бағдарлама аясында баспаналы болған жас отбасыларға алғашқы кезде балаларын қаланың әр бұрышына тасу қиындық туғызса, шүкір, бүгінгі таңда бұл мәселенің

түйіні шешілген. Жаңа талапқа сай салынған заманауи мектебі бар. Әлі де ықшамауданда бой көтеріп жатқан көпқабатты үйлердің көп екенін ескерсек, оқушы саны бұдан артпаса, кемімесі анық. Қонақтар аталмыш мектептің он жыл бойғы табысымен танысты. Білім әлеміндегі жетістігі мол мектептің әрбір табысы тынбай іздену мен еткен еңбектің арқасында екені сөзсіз. Сондықтан білім мен еңбекті қос қанатындай серік еткен мектеп 2022-2023 оқу жылында «Ең үздік мектеп» атанды.

Аталмыш мектеп өзінің білім әлеміндегі табысқа толы он жылдығына орай, салтанатты жиын өткізіп, оған Қазақстанның Еңбек Ері Аягүл Миразова, Абай атындағы ұлттық педагогикалық университетінің Басқарма төрайымы Рахат Шимашева, еңбек ардагерлері Мекебай Бұзаубеков, Қайыркен Құнапина бастаған құрметті қонақтар мен аудан мектептерінің басшылары қатысқан еді. Салтанатты жиын барысында мектептің ұлағатты ұстаздарының еңбектері еленіп, сый-сияпаттар табыс етілді. Сонымен қатар, мектептің ардагер ұстаздары да қонақ ретінде шақырылып, құрметке ие болды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Аягүл МИРАЗОВА,
Қазақстанның Еңбек Ері:

«ГАЗЕТ – МЕКТЕПТІҢ АЙНАСЫ»

Еліміздің экономикасының жақсаруы білім саласына да оң әсерін тигізіп жатыр. Қазіргі ашылып жатқан мектептерге қарасаңыз, көз тояды. Заманауи мектептердің бәрі әдемі, бірінен-бірі озады. Ондағы жасалып жатқан жағдай өз алдына. Бір кездері бір ғана тактамен білім берсек, қазіргі сықырлы тақтаның ішінде не жоқ дейсіз. Әрине, мектепті ұядай етіп ұстау басшыға да байланысты. Осы ретте үнемі тынымсыз еңбек етіп, білім мен ғылымды ұштастырып келе жатқан Жеңіскүл Сатаеваның еңбегі ерекше дер едім. Менің тағы бір қуанғаным, мектеп газетінің тұсауы кесілді. Кезінде өзім басшылық еткен №159 мектепте «Жас өркен» деген газет шығатын еді. Газет дегеніңіз мектептің айнасы іспетті ғой. Сол газетте тырнақалды туындылары жарық көрген талай талантты жас бүгінде бұқаралық ақпарат құралының құлағында ойнап, осы салада табысты еңбек етіп жүр.

Рахат ШИМАШЕВА, Абай атындағы
ұлттық педагогикалық
университетінің Басқарма төрайымы:

«БІРЛІК БАР ЖЕРДЕ – ТІРЛІК БАР»

Мектеп деген – білімнің бұлағы ғой. Алатау ауданында орналасқан №181 мектеп қаламыздағы алдыңғы қатарлы мектептердің бірі. Қарап отырсаңыз, он жыл деген көп те емес, аз да емес. Он жылда түлеген тұлалар еліміздің әр саласында еңбек етіп жатыр. «Білімді болу үшін көп оқу керек, бай болу үшін алған кәсіпті жүзеге асыру керек, күшті болу үшін бірлік керек» деген Ахмет Байтұрсынұлының сөзін мен ылғи айтып жүремін. Бізге білімді шәкірт тәрбиелеу керек, бәсекеге төтеп бере алатын ұрпақ тәрбиелеуіміз керек. «Бірлік бар жерде – тірлік бар» деген емес пе. Заман ағымына ілесіп, болашақтың иесі болар ұрпақ тәрбиелеу өте жауапты міндет.

Қаламыздағы мықты мектеп басшыларының бірі Жеңіскүл Сатаева кезінде Әуезов, сосын Түркісіб ауданында мектеп басшысы болды. Жалпы, бір мектептен екінші мектепке ауыстыру оңай мәселе емес. «Жаңа ортада қалай болар екен, үлкен мектепті басқару қолынан келе ме екен?» деген сауал тұрады. Соңғы жылдары оның жетістіктері өте көп. Сондай үмітті ақтаған басшы өз ұжымын аз ғана уақыт ішінде дөңгелетіп, үздік атандырды.

ЯССАУИ ІЛІМІ:
орта ғасырдағы білім
мен мәдениет

Биыл түркі мәдениетінің дамуына орасан зор үлес қосқан Қожа Ахмет Яссауидің туғанына 930 жыл толып отыр. Осынау тарихи жыл аясында Алматыда халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті.

Конференция жұмысына ҚР Оқу-ағарту министрлігі, Алматы қаласы әкімдігі мен Білім басқармасына қарасты «Қалалық білім берудегі жаңа технологиялардың ғылыми-әдістемелік орталығының» тікелей қолдау көрсетті. Аталмыш конференция қаламыздағы Әуезов ауданындағы Бағила Әшімбаева басшылық етіп отырған Қ.А.Яссауи атындағы №123 мектеп-гимназия шаңырағында өтті. Еліміздің түкпір-түкпірінен келген қонақтар алдымен Қ.А.Яссауидің өмірі мен еңбектеріне арналған көрмені тамашалады.

Үш бағытты қамтыған конференция аясында қонақтар 1-бөлімде «Өркендеу» жобасының негізінде «Мектеп, Қоғам, Отбасы» ұштағанды байланыстың отбасындағы маңызды рөлімен танысты. Сабақ барысында осынау үрдістердің жас ұрпақ тәрбиесіндегі алар орны мен міндетінің қаншалықты маңызды екеніне көз жеткізді. Мәселен, мектеп ұстаздары Г.Ақбүркітова «Ата» мектебінің мүшелерімен «Атадан қалған асыл сөз», Қ.Аманова «Аға» мектебінің мүшелерімен «Ағадан – ақыл, ініден – ізет», Р.Кенжебаева «Әке» мектебінің мүшелерімен «Әке – отбасының тірегі» тақырыбында өткен ашық тәрбие сағаттары көпшіліктің көңілінен шықты.



Ашық сабақтардан соң конференция жұмысы пленарлық баяндамалармен жалғасын тапты. Қ.А.Яссауидің туғанына 930 жыл толуына орайластырылған Халықаралық ғылыми-практикалық конференция «Тарих тағылымы қазіргі білім мен тәрбие кеңістігінде» деп аталды. Конференция жұмысын мектеп басшысы Бағила Әшімбаева ашып, жан-жақты жетілген тұлға қалыптастыруда тарихи дара тұлға – Қожа Ахмет Яссауи ілімдеріндегі «Кемел адам» тұжырымдамасын басшылыққа ала отырып, оқыту мен ұлттық тәрбиенің негізі ретінде жас ұрпаққа насихатталуын ғылыми-әдістемелік жүйелеу және әлемнің даму тенденцияларымен ұштастырып отырғанын жеткізді.

Конференцияда Қ.А.Яссауи атындағы ХҚТУ ректоры Ж.Темірбекова, Түркістан қалалық білім бөлімінің басшысы О.Қолдасова, Моңғолияның Білім және ғылым министрлігіне қарасты «Ұлттық білім зерттеу институтының» ғылыми қызметкері З.Жаубай, Моңғолия мемлекетінің Баян-Өлгий аймағындағы Білім басқармасының Моңғол тілі мен әдебиетін оқытуға жауапты әдіскері, PhD доктор – Г.Сабиханқызы, Түркия мемлекетінің Эрджинес университетінің PhD докторы Ж.Сахи, Алматы қаласы Білім басқармасының Қалалық білім берудегі жаңа технологиялардың ғылыми-әдістемелік орталығының ғылыми-әдістемелік және инновациялық бөлім басшысы, педагогика ғылымының магистрі С.Жұмабеков сөз сөйлеп, білім мен ғылым, ұлттық тәрбие мәселелеріне қатысты ой-пікірлерін ортаға салды.

Конференцияға қатысушылар 1-секция «Қ.А.Яссауидің өмірі мен еңбектері және орта ғасырдағы білім мен мәдениет», 2-секцияда «Дәстүрлі құндылықтардың ұрпақ тәрбиесіндегі маңызы мен тарихи сабақтастығы» және 3-секцияда «Қазіргі отандық білімнің өзекті мәселелері және әлемнің даму тенденциялары» атты ғылыми баяндамаларды тыңдады. Аталмыш конференция Қ.А.Яссауидің түркі өркениетін дамытуға өлшеусіз үлес қосқан тұлға екендігін тағы да таныта түсті. Жалпы, бұл шара оның адамзатты ізгілікке бастайтын еңбектерін жан-жақты зерттеп, насихаттаудың мән-маңызы зор екендігін дәлелдеп отыр.

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.

СЕМИНАР

ДУАЛЬДІ ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ:

КОЛЛЕДЖ – МЕКТЕП – СТУДЕНТ

Алматыда «Маман дайындау тиімділігін арттыру факторы ретінде педагогикалық білімге дуальді оқытуды енгізу» атты қалалық семинар өтті.

Айнабай
МӘДІ

Семинардың мақсаты – дуальді білім беру жүйесін енгізуді талқылау әрі оның ауқымын кеңейту. Бұрын дуальді оқу болашақ мамандарды өндірісте дайындайтын жұмысшы кәсіптер арасында қолданылған. Енді жүйе орта білім беру мекемелерінде де енгізілуде. Семинарда педагогтар жалпы білім беретін мектеп қабырғасында дуальді оқудың тиімділігі туралы айтты.

Қатысушылар кәсіптік білім беру сапасын арттырудың өзекті мәселесін, болашақ мұғалімді дайындауда түрлі деңгейдегі білім беру ұйымдарының ынтымақтастығы, дуальді оқыту негізі мен дайындықтың практикалық бағытын қолдану жолдарын талқылады. №10 жалпы білім беретін

мектептің директоры Шара Удуримова мектептегі дуальді оқу процесі жайынан хабардар етті.

Бүгінгі оқу Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті колледжінің ұйымдастыруымен өткізілді. Педколледж оқушылары дуальді оқу аясында мектеп шәкірттерін оқытады. Болашақ мамандарға мектеп мұғалімдері тәлімгер болады.

Қыздар университетінің өкілдері жалпы дуальді оқуды енгізу туралы айтып, педколледждің негізгі индикаторларын атап өтті. №10 ЖББМ КММ бастауыш сыныптар әдістемелік бірлестігінің жетекшісі Наталья Тимошук мектеп мұғалімі позициясынан дуальді оқуды жүзеге асырудың маңызы туралы айтты.

«Дуальді оқу білім ордасы, кәсіпорын және студент арасындағы үш жақты келісімге негізделген. Бұл формат оқудың барлық қатысушысына тиімді. Біздің жағдайда екі оқу орны мен студенттер арасында үш жақты келісім жасалды: колледж – мектеп – студент. Сонымен, мектептің өз талабына сай келетін кадрларды дайындау мүмкіндігі бар», – деді Алматы қаласы ӨКП адами капиталды дамыту бөлімінің жетекші сарапшысы Жанар Ибрагимова.

Студент үшін дуальді оқу – болашақ

мамандығына практикалық дайындықтан өту, ұжыммен танысу үшін тезірек жұмысқа орналасуға жақсы мүмкіндік. Колледжге жобаға қатысу оқыту сапасын арттыруға, еңбек нарығында сұранысқа ие бәсекеге қабілетті тұлаларды шығаруға мүмкіндік береді. Семинар аясында қонақтар колледж практиканттары өткізген сабақтың оқу процесіне қатысты.

«Сабақты болашақ мамандар жүргізді. Бағдарламаның қысқа мерзіміне қарамастан, жас мамандар мектеп оқушыларымен ортақ тіл табыса алды. Мұғалім мен оқушы арасында байланыс бар. Бұл – дуальді оқу мақсатының бірі», – деп сөзін сабақтады спикер.

Еске салсақ, «Атамекен» ҰКП дуальді оқу туралы келісім-шартты тіркейді, тізілімге енгізеді. Бүгінгі таңда тізілімде дуальді оқу туралы 11 733 келісім-шарт тіркелген. Дуальді оқу бойынша кадрларды даярлау 630 кәсіпорын мен 47 колледжбен 73 мамандық бойынша жүргізіледі.

Жыл сайын студенттерді дуальді оқумен қамтудың айтарлықтай өсуі байқалады. Семинар барысында қатысушылар шығармашылық командаларға бөлінді. Олардың қатарына мектеп директорлары, оқытушылар, мұғалімдер мен студенттер кірді.



БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

ИНТЕРНЕТ-АЛАЯҚТЫҚ ЖИІЛЕП ТҰР

Қаржылық қауіпсіздіктің негізгі ережелері қандай?

Әлеуметтік желінің заманауи әдістері арқылы жасалатын интернет-алаяқтық жағдайлары жиілеп кетті. Былтыр елімізде 21,6 мыңға жуық алаяқтық тіркелген. ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Қаржы қызметтерін тұтынушылардың құқығын қорғау департаментінің өкілдері Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде алаяқтықтың кең таралған әдістері мен қаржылық қауіпсіздіктің негізгі ережелері туралы айтып берді.

«Қылмыскерлер азаматтарды алдау арқылы қолма-қол ақша ұрлау немесе несие алу арқылы өз қаражаттарын алады. Шабуылдаушылар бастапқыда жәбірленушілерден ақша мен басқа да мүлікті алуға ешқандай құқықтық негіз жоқ екенін біледі», – деп атап өтті ӨКК спикері.

Көбінесе алаяқтар интернетте сатып алу кезінде алдайды. Олар сауда алаңдары мен хабарландыру сайттарында сатушылар немесе сатып алушылар ретінде әрекет етуі мүмкін. Олардың мақсаты – жәбірленушіні фишингтік сайтқа бағыттау (нақты сайт ретінде жасырылған жалған) немесе жалған деректемелер бойынша төлеуге мәжбүр ету. Мұндай сайтта енгізілген барлық дерек (парольдер, банк карталарының нөмірлері, төлқұжат деректері және т.б.) алаяқтарда болады.

Интернетте сатып алу кезінде:

- тек қорғалған интернет-парақшада төлем жасаңыз;
- «фишингке» қарсы антивирустық бағдарламаны орнатыңыз;
- интернет-банкке кіру үшін логин мен парольді, сондай-ақ төлемді растау кодын хабарламау;
- интернеттегі сатып алуларға ақы төлеу үшін арнайы карта жасаңыз және онда көп ақша ұстамаңыз;



Суретті түсірген Самат Құсайынов.

– картадан төлемдер мен аударымдар туралы SMS-хабарламалар орнату.

Алаяқтықтың тағы бір кең таралған түрі – банк карталарынан қаражат ұрлау. Бұл ретте алаяқтар қызмет көрсету және сауда саласының қызметкерлері болуы мүмкін.

«Ақшаңызды ұрлау үшін алаяқтарға: сіздің картаңыздың нөмірі, иесінің аты-жөні, жарамдылық мерзімі, PIN коды, артқы жағындағы картаның түпнұсқалығын тексеру коды, бір реттік құпия сөзді (төлемді растау SMS-хабарлама) білсе жеткілікті. Алаяқтар банкоматқа оқу құрылғысы мен бейнекамераны орнату арқылы қажетті ақпаратты ала алады. Қаскүнем сіздің картаңызды кем дегенде бес секунд ұстап-ақ, ондағы ақпаратқа қол жеткізе алады және ол кафе немесе дүкен қызметкері болуы да мүмкін», – деп толықтырды А.Терентьев.

Агенттікте Fingramota.kz сайты жүргізілуде, онда қаржылық пирамида белгілері бар жобалардың тізімі жарияланады. Осылайша қаржы пирамидасының ең маңызды белгісі – ARRFR лицензиясының болмауы.

Сонымен қатар, алаяқтар «Дипфейк» технологиясын адамның бейнесін қолдан жасау және оны бастапқы биометриялық сәйкестендіруден өту үшін пайдалану арқылы пайдаланады. Әрі қарай алаяқтар арнайы шотқа ақша алып, тіпті жәбірленушінің атына несие береді.

Мұндай қылмыстың құрбандары берешек туралы кейінірек, әдетте несие бойынша кешіктіру болғаннан кейін біледі.

Алаяқтықтың тағы бір кең таралған түрі азаматтарға қоңырау шалу арқылы алдау-арбау. Телефон алаяқтары қазақстандық қаржы институттарының абоненттік нөмірлерін қайталауға мүмкіндік беретін SIP-телефонияны пайдаланады, азаматтарға банктер немесе құқық қорғау орган қызметкерлерінің атынан қоңырау шалады.

«Егер сізге банктің қауіпсіздік қызметкері қоңырау шалып, сіздің шотыңызға алаяқтық шабуылдары жасалғанын айтып қорқытса, несие алуды ұсынса немесе банкомат арқылы ақша алуды сұраса, телефонды қоя салыңыз. Ақпаратты қайта тексеру және банк картасын бұғаттау үшін банктің call-орталығына өз бетіңіз-

ше қоңырау шалыңыз», – деп ескертеді сарапшы.

Сонымен қатар, ақша туралы сөйлесетін бейтаныс адамдарға сенбеу және жеке мәліметтерін, карта деректемелерін: төлем картасының артында көрсетілген үш таңбалы кодты, ПИН-кодты, жарамдылық мерзімін хабарламау ұсынылады.

Несиеді рәсімдеуге тыйым салуға мүмкіндік беретін қызмет іске қосылды

«Қызмет азаматтарға құжаттарды жоғалту, шетелге шығу немесе басқа жағдайлар кезінде несиелік алаяқтардан қорғануға көмектесу мақсатында іске қосылды. Кредиттік тарихты беруге ерікті шектеу қаржы ұйымдары үшін алаяқтық қарыз нысанасына қосымша тексеруді білдіреді», – деп түсіндірді спикер.

Алматылықтар қарыз алудан ерікті түрде бас тартуды орната алады.

«Жалған қарыздарды рәсімдеуге байланысты алаяқтықты азайту үшін 2024 жылғы 11 ақпаннан бастап жеке тұлғаның банктік қарыздар мен микрокредиттер алудан ерікті түрде бас тарту құқығы туралы норма қолданылатын болады. Кредиторларға оның кредиттік есебінде микрокредиттер алудан ерікті түрде бас тартуды белгілеу туралы ақпарат болған кезде адамға микрокредиттер беруге тыйым салынады», – деп атап өтті ол.

Банктер мен МҚҰ-ға кредиттік бюроға берілген қарыздар мен микрокредиттер туралы нақты уақыт режимінде ақпарат беруді, жеке тұлғаның кредиттер алудан ерікті түрде бас тартуы болған кезде рәсімделген кредит бойынша берешекті есептен шығаруды көздейтін заңнамалық түзетулер әзірленді.

Сондай-ақ, онлайн қызметтерді пайдалану кезінде азаматтардың құқығын қорғау бойынша қаржы ұйымдарының жауапкершілігі күшейтілді. Банктер мен МҚҰ интернет-алаяқтардың әрекеттерінен зардап шеккен қаржылық қызметтерді тұтынушыларға келтірілген залалды өтеу тетігін әзірлеуге кірісті.

АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ

«Цифрлық нотариат» жобасы:

СЕНІМХАТ ОНЛАЙН БЕРІЛЕДІ

Әділет министрлігі былтырдан бастап «Цифрлық нотариат» жобасын іске асыруда. Бұл пилоттық жоба «Сандық нотариаттық сенімхаттарды» онлайн форматта бейнеқоңырау арқылы рәсімдеуге мүмкіндік береді.

Алматы қаласында жоба енгізілгені 12 234 сенімхат берілді. Сенімхат беру қызметі банктер мен басқа да жеке ұйымдар қосылған eGovMobile мобильді қосымша арқылы қолжетімді болады.

Сондай ақ, мобильді қосымшада «Нотариаттық онлайн консультация» қызметі көрсетіледі. Азаматтар ол арқылы нотариаттық қызметке байланысты сұрақтарға жауап ала алады.

Алматы қаласы Әділет департаментінің басшысы Балайым Кесебаева Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде былтыр Алматы қалалық адвокаттар алқасының адвокаттары 15 544 азаматқа мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсеткенін айтты.

Жалпы, қалада адвокаттар алқасы және 15 заң кеңесшілері палатасы жұмыс істейді. 981 адвокат, 5 332 заң кеңесшісі қызмет атқарады.



Суретті түсірген Самат Құсайынов.

1500-ге жуық борышкер алимент төлемеген

Былтыр Алматыда сот орындаушыларының орындауында алимент өндіріп алу туралы 22 415 атқарушылық іс жүргізілді. Оның ішінде ата-аналық міндетін орындамағаны үшін 159 борышкер әкімшілік жауап-

кершілікке тартылды. Алимент бойынша борышкерлер баласын асыраудан бас тартып, мүмкіндігі бола тұра, табысы мен мүлкін жасырады.

«Ішкі істер органдарына борышкерлерді қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы 133 ұсыныс жолданды (ҚР бойынша 1242), оның ішінде 9-ы сотқа дейінгі

тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімінде тіркелді, 1-і сотқа жіберілді, 1-еуіне қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы үкім шығарылды», – деп хабарлады спикер.

1328 борышкерге қарызына байланысты республикадан шығуға уақытша тыйым салынды. Департаментте жұмыссыз борышкерлерді жұмысқа орналастыру және кәметке толмаған балалардың пайдасына алимент өндіріп алу бойынша шаралар қабылдануда.

«Борышкердің тұрақты табысы мен мүлкінің болмауына байланысты алимент өндіріп алу мүмкін болмайтын жағдайлар бар. Осыған байланысты біз жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар департаментімен бірлесіп бос орындар жәрмеңкесін (8 жәрмеңке) өткізу арқылы оларды жұмысқа орналастыру бойынша шаралар қабылдаймыз, нәтижесінде 780 борышкер жұмысқа орналастырылды», – деп атап өтті Б.Кесебаева.

Алматыда әлеуметтік маңызы бар санаттағы істер бойынша барлығы 23 615 атқарушылық іс жүргізілді, алименттен басқа, бұл жалақы, зейнетақы және жәрдемақы өндіріп алу.

2023 жылы департамент 230 борышкерге қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар жасады, 68 әкімшілік қамауға алу қолданылды. Борышкерлерді қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы 137 ұсыныс жолданды, оның 14-і есепке қойылды, 123-і негіздердің жоқтығынан қайтарылды, алимент өндіріп алу туралы бір борышкерге сот үкімі шығарылды.

Алматы қаласында 24 мемлекеттік және 288 жеке сот орындаушылары жұмыс істейді, олар жыл басынан бері 731 051 атқарушылық іс жүргізді. Оның едәуір бөлігі, 354 000-нан астам жағдай (354 067) заңды тұлғалардың пайдасына өндіріліп алынған.

Бетті әзірлеген
Гүлжанат СЕМБАЕВА.



БРИФИНГ

Алматыда ашылған 8 жастар комьюнити-орталығының базасында мемлекеттік тілді оқыту бойынша топтар да құрылады. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз конференциясында «Жастар рухы» жастар қанатының төрағасы Әкежан Кеңесов мәлімдеді. Сондай-ақ, тіл үйрену және оның мәртебесін көтеру туралы әңгімелесу клубтарының оқытушылары пікірлерімен бөлісті.

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Осы орайда NEET немі білдіретінін түсіндіре кетейік. Бұл Not in Education, Employment or Training – «білімі, жұмысы немесе кәсіптік даярлығы жоқ» деген мағына береді. Комьюнити-орталықтары осындай жастарды да қанатының астына алмақ. Яғни қазақ тілін үйретеді.

Әкежан Кеңесовтың айтуынша, Алматыда сөйлесу клубының тегін жұмыс істеп келе жатқанына бір

жылдан асты, онда 500-ден астам жас білім алуға. Сондай-ақ, Алматы ауданының коворкинг-орталығында да оқытылады. Қазір коммуналдық орталықтардың арқасында жастарды көбірек қамту мүмкіндіктері тууда.

«Біздің басты мақсатымыз – жастар арасында қазақ тілін үйренуге деген қызығушылықты арттыру. Тіл білсем деген ынталы жастарға сабақтарды авторлық әдістер бойынша тәжірибелі оқытушылар жүргізеді», – дейді Ә.Кеңесов.

Тележүргізуші, «Қазақша Speaking Club» негізін қалаушы Ольга Спирина өз бастамасымен, жүрек қалауымен курстар жүргізіп жатқанын айтты. Кәсіби мұғалім болмаса да, негізгі мақсаты – қазақ тілін білгісі келетіндерге мотивация беру. Оның сабақтары әдетте ойын түрінде екі сағатқа созылады.

«Сөйле» ауызекі клубында қоғам қайраткері Алина Кан сабақ беріп жүр. Сонымен қатар, оқытушы қазақ тілінің онлайн-курстарын жүргізеді, сондай-ақ өзінің әлеуметтік парақшаларында 3 миллионға дейін қаралым жинайтын тегін сабақтар береді.

Ольга Спирина мен Алина Кан көптеген алматылық тіл үйрену

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Рустам ҚАЙРЫЕВ,
Қазақстан ұйғыр жастар одағының төрағасы:

Тіл үйренуге кедергі жоқ

Бүгінде республика бойынша барлық достық үйлерінде қазақ тілі тегін оқытылады. Біздің қаламызда екі «Достық» үйі бар. Курсқа жазылып, аптасына 2-3 рет қатысуға болады. Бұдан басқа, біз қоғам қайраткерлері ретінде медиа-жобалармен жұмыс істейміз. Жақында бізде «Похабарим» атты орыстілді подкасттар сериясы шықты. Онда мамандармен бірге қазақ тілін қалай үйренуге болатынын еске саламыз.

Сондай-ақ, «Үйде сөйле» жобасы да оң нәтиже беруде. Бұл алысқа ұзап шығуға мүмкіндігі жоқ адамдарға арналған. Осы жоба аясында бірқатар ПИК, МИҰ және ҚС-пен меморандумдар жасалды, олар үйлердің аулаларында осындай «сөйлесу» клубтарын ашуға мүмкіндік берді. Қазақтілді тұрғындар кездесу, өзара әңгімелесу үстінде қазақша меңгеруге ықпалы жоғары көршілеріне ауызекі тілді үйрете алады. Сонымен қатар, қала тұрғындарына ыңғайлы болу үшін демалыс күндері Алматыдағы «Мега» орталығының аумағында «Қазақша Tea Talk» жобасы жұмыс істейді. Онда тілек білдірушілер бір шыныаяқ шай үстінде қазақ тілін үйренуге мүмкіндік алды. Бұл жобаның авторы – Александра Мыскина. Оны жүзеге асыруға бізге қоғам белсенділері көмектесті.

курсына акцентсіз сөйлеу үшін келетінін айтты. Сөз соңында Алина өзінің өте қарапайым құпиясымен бөлісті. Қазақшаны жақсы меңгергісі келетін жан кезіккен адамымен күн сайын «Сәлеметсіз бе!» деп қазақша сәлемдесуді

бастау керек. Ал келесі күні қазақ тілінде қоштасып үйрене берсе, содан соң біртіндеп бойы да, ойы да үйреніп, тілі де икемге келіп, тіл үйренуге деген кедергілер де азайып, ықыласы арта бастайды», – дейді ол.

«ALMATY AQSHAMY»
ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне 2024 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен
әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2024 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін)

1 айға – 536,12 теңге, 3 айға – 1608,36 теңге, 6 айға – 3216,72 теңге, 10 айға – 5361,2 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)

1 айға – 736,12 теңге, 3 айға – 2208,36 теңге, 6 айға – 4416,72 теңге, 10 айға – 7361,2 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)

1 айға – 336,12 теңге, 3 айға – 1008,36 теңге, 6 айға – 2016,72 теңге, 10 айға – 3361,2 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Құрметті оқырмандар!

«Алматы ақшамы» газетінің баспа нұсқасына жазылуы енді Post.kz сайты арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде рәсімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Алматы ақшамы» газетін тауып, оған жазылуы бір сәтте рәсімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет. Жазылу индекстері мен жазылу құны «Алматы ақшамы» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең. Газет Post.kz-пен рәсімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет 24/7 қолжетімді.

Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасы «ALATAU AQPARAT» ЖШС бас директорының орынбасары Абдухалил Еркенович Джалиловке анасы
Джалилова Халима Рахимовнаның қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Қазақстан Журналистика академиясы» ҚҚ Ю.Азаматов атындағы сыйлықтың иегері Абдухалил Еркенович Джалиловке анасы
Халима Рахимовнаның қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«ALATAU AQPARAT» ЖШС ұжымы серіктестік бас директорының орынбасары Абдухалил Еркенович Джалиловке анасы
Халима Рахимовнаның қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Қазақстан Журналистер одағы» ҚҚ ҚР Журналистер одағының мүшесі Абдухалил Еркенович Джалиловке анасы
Халима Рахимовнаның қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына: +7 707 862 30 08 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 412

Кезекші редактор –
Олжас ЖОЛДЫБАЙ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы борттыңдағы жолаушыларға қолжетімді.



IC-ШАРА

ЕСКЕРТКІШ-ТАҚТА ОРНАТЫЛДЫ

Алматыда мемлекет және қоғам қайраткері, ел тәуелсіздігіне елеулі еңбек сіңірген азамат Сергей Терещенконың рухына тағзым етіліп, оның құрметіне өзі тұрған үйге ескерткіш-тақта орнатылды.

Айнабай
МӘДИ

Салтанатты іс-шараға қатысқан мемлекеттік қызметкерлер, саясаткердің жақын-жуықтары, қала тұрғындарының арасынан сөз алғандар Сергей Александрович жөнінде жылы лебіз, естелігімен бөлісті. Ол еңбек-қорлығымен, киындыққа төтеп бере білетін қасиетімен дараланды. Оның өте білімді, түрлі тақырыпта әңгіме жүргізе алатын, адаммен әркез ортақ тіл табысуды білетін абзал азамат екені айтылды. Ресейдің Примор өлкесінде дүниеге келіп, колхоз инженерінен ел үкіметінің басшысына дейінгі өмірлік әрі кәсіби тұрғыдағы ұзақ жолдан өткен С.Терещенконың басшылығымен тәуелсіздіктің алғашқы жылдары талай ауқымды әлеуметтік-экономикалық реформалар әзірленіп, жүзеге асты. Қазақстан халқы Ассамблеясын, еліміздің сақтандыру нарығына қатысушылар қауымдастығын басқарды, омарташылардың ұлттық одағын құрды. Ол Forbes мәліметінше, еліміздегі ең ықпалды 50 бизнесменнің тізіміне енген.

«Еліміздің мемлекеттік институтының қалыптасуына зор үлес қосқан көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сергей Терещенко тұрған үйге ескерткіш-тақта орнатылды. Азаматтың рухына тағзым етеміз. Салтанатты іс-шараға жиналған барша қауымды, Сергей Александровичтің жұбайы мен қыздарын, тума-туыстарын осы айтулы оқиғамен шын жүректен құттықтаймын», – деп тілегін білдірді Алматы қаласы әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев.

С.Терещенко ел экономикасына ерен еңбек сіңірді, ауыл шаруашылығын көтерді. Бір саяси жүйеден екіншісіне көшкен бетбұрыс кезеңде, Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары үкімет басшысы болған Сергей Александрович шын мәніндегі Еңбек Ері еді. Қазақстанның еңбек сіңірген дәрігері Ахат Мүліков Сергей Александровичтің Дүниежүзілік омарташылар конгресін ұйымдастыруға көмектескені жайлы былай деді: «Біз науқастарды емдеуге бал арасы өнімдерін пайдаландық. Ол біздің ауруханада «Қазақстан мен Еуразияда сырқаттарды бал арасы өнімдерімен емдеу» атты ғылыми-практикалық конференция ұйымдастырды. Мамандар Еуропа елдерінен, Украинадан, Беларусьтан, Ресей мен Қырғызстаннан келді».

Сергей Александровичтің қызы Нина Сергеевна салтанатты ашылу рәсіміне қатысқандардың барлығына алғысын білдірді.

«Әкем бізді, балаларын өзеге мейірімді болуға үйретті. Ел үшін көп еңбек сіңірген әкеміздің естелігін сақтағымыз келеді. Серуендеу кезінде Алматы тұрғындары мен қонақтары ескерткіш-тақтаға назар аудартатыны анық. Сөйтіп, біз өзі 30 жыл тұрған үйге мемориалдық тақта ілдік. Әкем омартамен айналысып, бал жинауды армандайтын. Әкешім елін сүйді, бау-бақша баптауды жақсы көретін. Алматыны жанындай жақсы көрді. Қалада көбірек алма бағы болғанын қалады», – деді Нина Терещенко.



БРИФИНГ

ТҰТЫНУШЫЛАР ҚҰҚЫҒЫ ҚОРҒАЛАДЫ

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алматы қаласының Сауда және тұтынушылардың құқығын қорғау департаменті былтыр тұрғындардан келіп түскен 8 мыңға жуық өтінішті қарады. Жоспардан тыс тексерулер мен заңгерлік кеңес беру нәтижелері бойынша тұтынушыларға 223 929 миллион теңге қайтарылды. Бұл деректермен Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте департамент басшысының орынбасары Нұрлан Әбдиев бөлісті.

Өтініштерді қарау қорытындысы бойынша департамент жоспардан тыс 100 тексеру жүргізіп, 314 әкімшілік жаза қолданылған. Ең көп өтініштер бөлшек сауда бойынша келіп түсті.

Ішкі нарықта отандық өндірушіні қорғауды қамтамасыз ету және тұтынушылардың құқығын қорғау мақсатында «Сапалы өнім» әлеуметтік жобасы шеңберінде жұмыстар жүргізілуде.

«Сапасыз азық-түлік тауарларын анықтау және оларды өткізудің жолын кесу мақсатында Алматы қаласы бойынша Техникалық реттеу және метрология, санитарлық-эпидемиологиялық бақылау, Сауда және тұтынушылардың құқығын қорғау департаменттері импорттық азық-түлік өнімдерінің тәртібін, тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі нормалары мен техникалық регламенттердің талаптарына сәйкестігін зерттеу мақсатында мониторинг жүргізуде», – деп атап өтті спикер.

Сондай-ақ, департамент қызметіндегі басым бағыт тұрақты негізде жүргізілетін және оның шеңберінде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына баға белгілеудің барлық тізбектері бойынша делдалдық схемаларды тергеп-тексеру жөніндегі комиссияның отырыстарын үйлестіру және өткізу болып табылады. Былтыр тиімсіз делдалдар түріндегі бұзушылықтардың, сондай-ақ сауда саласындағы заңнаманы бұзудың 175 фактісі анықталды және жойылды. Жосықсыз кәсіпкерлерге қатысты 163 әкімшілік хаттама жасалды.



ӨНЕР

Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.



Сүйікті қаламызға халықаралық цирк келді

Алматыға Юрий Никулин атындағы Мәскеу циркі келді. Өнер иелері «Судағы цирк» шоуының «Aquamagine» атты жаңа бағдарламамен өнер көрсетеді. Гастрольдік сапар 3 ақпаннан 24 наурызға дейін өтеді. Халықаралық өнерпаздар Алматы циркінде өнер көрсетеді.

Пердехан
ШӘМШИЕВ

Гастрольдік сапардың шымылдығы 3 ақпанда ашылды. Цирктің табалдырығын аттай салысымен құжынаған адамды көресің. Киім ілетін жерде адам толы. Бәрі де халықаралық цирктің өнерпаздарын көруге асығуда. Балалар мен ересектердің санында шек жоқ. Алғашқы күннің өзінде Алматы циркінде ине шаншар жер болмады. Кешігіп келгендер де болды. Аптығып келіп орындарын тауып жатыр жұрт. Оларға қолұшын беруге циркіміздің қызметшілері әрқашан дайын.

Бағдарлама әдемі бимен басталды. Соңы әртістердің акробатикалық шоуымен жалғасты. Әуеде қалықтаған әртістердің әрекеттерін көріп таңқаласың, әрі уайымдап отырасың. Құлап кетпей ме екен дейсін. Бірақ әртістер спортшылар секілді өз бабында. Одан соң көрермендерді жануарлармен болған шоу таңқалдырды. Әйгілі сайқымазақ Дмитрий Шиндров балалар мен ересектерге керемет көңіл күй сыйлады. Бағдарлама соңында көрермендер әртістердің өнеріне тәнді болып, жылы лебіздерін білдірді.

Юрий Никулин атындағы Мәскеу циркі ең ескі цирктердің бірі. Сонау 1880 жылы ғимараты салынған. Сол жылы 20 қазанда алғаш рет көрермендерге өнер көрсетті. Юрий Владимирович Никулиннің басшылығымен цирк қайта түледі. КСРО Халық әртісі Ю.Никулин циркте 1982–1997 жылдары бас директор және шығармашылық басшы лауазымын атқарған.

Құрметті алматылықтар! Шынайы өнерді, балалар-ныңың қуанышын және жүздерінен күлкі мен таңқалуды көргілеріңіз келсе, Алматы циркіне асығыңыздар. Билет бағалары 2000 теңгеден басталады. Балаларыңыздың қуанышы үшін инвестиция салыңыздар!